



## ОРТАҚ МАҚСАТТАР БІРІКТІРЕТІН ЕҢ ЖАҚЫН СЕРІКТЕС

Қазақстан Президенті Қатар Мемлекетінің елшісі Абдалла бен Хусейн Джаберді қабылдады.

Әнгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қатарды Қазақстанның ортақ мақсаттар мен мұраттар біріктіретін ең жақын серіктестерінің бірі ретінде атады.

Мемлекет басшысы соңғы жылдары Қазақстан мен Қатар екіжақты және көпжақты күн тәртібінің барлық бағыты бойынша елеулі табысқа қол жеткізгеніне назар аударды. Бұған қоса, екі ел берік құқықтық база қалыптастырды және бірқатар ірі инвестициялық жобаны жүзеге асырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада өтетін ШЫҰ саммитін қолдап, құрметті қонақ ретінде қатысуға

ниет танытқаны үшін Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәниге ризашылығын білдірді.

Өз кезегінде Қатар елшісі Абдалла бен Хусейн Джабер құрмет көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Доханың екі ел арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі қарқынды дамытуға бейілді екенін растады.

Сонымен қатар кездесуде екіжақты күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, соның ішінде сауда-экономика, энергетика және денсаулық сақтау салаларындағы ықпалдастық перспективасы талқыланды.

## ШЫҰ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН БЕЛЕСІ

Астананың төрінде, Тәуелсіздік сарайында 3-4 шілде күндері Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті өтеді. Қазір бұл ұйымға 9 мемлекет мүше және 3 мемлекет – бақылаушы.



### ҰЙЫМ МҮШЕЛЕРІНІҢ САНЫ 10-ға ЖЕТЕДІ

Өткен ғасырдың соңында іргелес қонған бес мемлекет көшбасшыларының «Шанхай бестігі» аталған тұрақты кездесулері тетігі ақыры Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) құрылуына ұласты. Әу баста 1996-1997 жылдары Қазақстан, Қытай, Қырғыз Республикасы, Ресей және Тәжікстан қол қойған Әскери саладағы сенімді нығайту туралы, сондай-ақ Шекара аудандарында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісімдердің негізінде осы ұйым қалыптасты. Яғни, ШЫҰ шекаралас елдер арасында қарулы шиеленістердің алдын алу, олардың кең ауқымды шапқыншылыққа, террито-

риялық тұтастықты бұзуға дейін ұшығуына жол бермеу міндетін атқарды.

Азия кеңістігі үшін аталған келісімдердің теңдесі жоқ сипатқа ие екенін ескере отырып, «Шанхай бестігі» елдері сол уағдаластықтардың орындалуын бірге үйлестіріп, жүзеге асуына жоғары деңгейде бірлесе бақылау жүргізу туралы шешім қабылдады.

«Шанхай бестігін» жеке ұйымға – әртүрлі саладағы көпжақты ынтымақтастықты ілгерілететін өңірлік құрылымға айналдыру 2000 жылғы 4 шілдеде бекітілген Душанбе декларациясында мәлімделді. Оған Қазақстан, Қырғыз Республикасы, КХР, РФ, Тәжікстан қосылды.

» 4

## БАҚ: ТАҢДАУ. СЕНІМ. ПӘРМЕН.



Кәсіби мереке қарсаңында негізгі нысанаға өзімізді алатынымыз екібастан. Осы ретте Internews ұйымының сәуір айында жариялаған зерттеу нәтижесі көптен көкейде жүр еді. Соны сөз етудің сәті енді түскендей. Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан мемлекеттерінде медиатұтыну нарығы мен медиасауаттылық деңгейіне жүргізілген әлеуметтік зерттеу өзімізді тануда көп нәрсеге көзімізді ашқандай болды. Ондағы шындықты осы саладағы бірер әріптеспен сараптап көрген едік.

» 8

### АЛАЯҚТАРМЕН АРПАЛЫСҚА «АНТИФРОД» АРАЛАСТЫ

Алаяқтардың азаматтар үстінен миллиондап онлайн несие рәсімдеп, депозит-есепшотындағы бар жинағын қотарып алуына қуатты бір тосқауыл қойылмақ. Осы мақсатта Saunar.org ағартушылық порталының хабарлауынша, 2024 жылғы 22 тамыздан бастап ел тарихында тұңғыш рет «Антифрод-орталық» өнеркәсіптік эксплуатацияға беріледі. Бұл хабарды Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов растады.



5  
 БЕТ

### АУДАРМА КӨРЕРМЕН ТАЛҒАМЫНА САЙ ТАҢДАЛАДЫ

Бір аптаның ішінде рекорд орнатқан «Ой-жұмбақ 2» эмоция кейіпкерлері арқылы көрерменге ой тастаған үздік дубляж жұмысының бірі болды. Фильмнің әр сеансында зал көрерменге толық болғаны қуанарлық жайт. Өйткені бұл – қазақша дубляждың сұранысы жоғары екенінің дәлелі. Көрермен көңілінен шыққан жұмыстың негізгі өзегі біз біле бермейтін құпияға толы.



12  
 БЕТ

## ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қожанов Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2024 жылғы 28 маусымда сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын», – деп жазылған Өкім мәтінінде.



Жанарбек ӘШІМЖАН,  
 Мәжіліс депутаты,  
 «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

## ЖАҢА ЗАҢДА ОҢДЫ ӨЗГЕРІС КӨП



Өткен аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Масс-медиа туралы» жаңа заңға қол қойды. Мемлекет басшысы қол қойған «Масс-медиа туралы» заң 60 күннен кейін күшіне енетін болады. Жылға жуық уақыт қоғам мен биліктің талқылауында болып қабылданған құжат аталған салаға қандай өзгерістер әкелуі мүмкін? Жаңа заңның артықшылықтары қандай? Осы сауалдар төңірегінде Мәжіліс депутаты, «Масс-медиа туралы» заң жобасы жұмыс тобының жетекшісі Жанарбек Әшімжанмен сұхбаттасқан едік.

» 7





## СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ САЛИМ ИСМАИЛМЕН КЕЗДЕСТІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев жасанды интеллект саласы бойынша әлемдік деңгейдегі сарапшы, Сингулярлық университетінің негізін қалаушы және атқарушы директоры, Exponential Organizations бестселлерінің авторы, елімізге Алматыда өтетін «New Vision: Бизнес күші» атты жаһандық бизнес-форумға қатысу үшін арнайы келген Салим Исмаилмен кездесті.

Кездесу барысында тараптар жаһандық үрдістер мен ЖИ технологияларының елдің экономикалық дамуына тигізетін әсерін талқылады. Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда инновацияларға негізделген жаңа экономикалық модель құру жолында ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен ел экономикасын әртараптандыру жолында нақты шаралар қолға алынды. Өндеу өнеркәсібі, машина жасау, мұнай химиясы, көлік және логистика, туризм және ауыл шаруашылығы сияқты секторларға баса мән беріліп отыр. Біздің мақсатымыз – жалпы ішкі өнімді екі есеге ұлғайту және оны 2029 жылға қарай 450 миллиард долларға жеткізу. Қазақстан іскерлік ахуалды жақсарту бағытында айтарлықтай ілгеріледі. Бұған салық заңнамасын тұрақтандыру және инвестициялар үшін қолайлы жағдай жасау сияқты маңызды қадамдардың арқасында қол жеткізілгенін

атап өткен жөн», – деп палата Спикері Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың негізгі нәтижелеріне тоқталды.

Сарапшылардың болжамы бойынша, 2030 жылға қарай ЖИ-дің әлем экономикасына қосатын үлесі 16 трлн долларға жетпек. Осыған байланысты кездесуде жасанды интеллект экосистемін қалыптастыру және Қазақстанда осы салада мамандар даярлау барысы сөз болды.

Өз кезегінде Салим Исмаил Мәулен Әшімбаевқа ЖИ технологияларына қызығушылық танытқаны үшін алғысын білдірді. Сондай-ақ ол Қазақстанның аталған саладағы тәжірибесін зерделегісі келетінін айтып, негізгі бағыттар бойынша ынтымақтастық орнатуға дайын екенін жеткізді.

Айта кетейік, Салим Исмаил – жасанды интеллектті қолдану бойынша ірі әлемдік компанияларға арналған стратегиялар әзірлеу және бірқатар Үкімет пен Мемлекет басшыларына осы бағытта кеңес беру ісінде тәжірибесі мол, білікті сарапшы.

## САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ МҮҢ-МҰҚТАЖЫН ТЫҢДАУ – МӘЖІЛІСКЕ БЕРІЛГЕН ЗОР МҮМКІНДІК

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар өңірлерді аралау барысында Мәжіліс депутаттарына түскен азаматтардың өтініштерін мемлекеттік органдардың қарау қорытындылары туралы Үкіметтің ақпаратын тыңдады.



Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова былтыр қазан айында Үкімет депутаттардың өңірлерге сапары барысында тұрғындар көтерген 1 700-ден астам мәселені қарап, жүйелегенін атап өтті. Оның нәтижесінде қабылданған нақты шаралар туралы есеп берді.

– Бұл формат өзінің тиімділігін көрсетті. Бүгін дәстүрлі түрде қаңтар айында келіп түскен 1 000-ға жуық сұрақ бойынша баяндама жасап жатырмыз. Олардың орындалуы барысы Үкіметтің ерекше бақылауында. Жүйелі мәселелердің басым бөлігі өз шешімін тапты, – деді Т.Дүйсенова.

Үкіметтің мәліметінше, мәселелердің негізгі бөлігі ауыл шаруашылығы саласы, өңірлерді дамыту, тұрғын үй және қауіпсіздік салаларын қамтиды. 30 пайызы инфрақұрылымды дамытуға, соның ішінде құрылыс, жол, газ бен су мәселесі, әлеуметтік нысандар құрылысы мен оларды жөндеуге қатысты. Қалғандары әлеуметтік салаға қатысты.

Депутаттар баяндамашыға азаматтарды толғандырып жүрген өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша сұрақтар қойды. Олардың кейбіріне шақырылған Үкімет мүшелері де жауап берді.

Бұдан соң Мәжілістегі саяси партиялардың фракция жетекшілері биыл 3-12 қаңтар аралығында депутаттардың өңірлерде жүргізген жұмыстарының қорытындыларына тоқталды.

«AMANAT» фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев Үкіметтен келген жазбаша жауаптардың кейбіріне депутаттардың көңілі толмайтынын атап өтті. Жақында мәжілісмендердің тағы да өңірлерге сапары басталатынын, олар қыста көтерген мәселелердің шешімін тұрғындарға жеткізуі керек екенін, ал Үкімет бұл ақпаратты бүгін ғана мәлімдегенін айтты.

– Дегенмен Үкіметтен мыңнан астам сұрақтың басым бөлігіне сырғытпа жауап пен формальды ұсыныс келді. Оның ішінде МӘМС бойынша қаражат аударғанымен, тиісті медициналық қызмет ала алмаған азаматтардың, «Ауыл – ел бесігі» жобасына кірмеген мүшкіл халдегі ауылдардың, уақытылы индустриалды сертификат ала алмай сарсаңға түскен кәсіпкердің, әлеуметтік пакетсіз ішкі істер органдарынан зейнеткерлікке шыққан ардагердің жанайқайы мен талап-тілектері бар, – деді Елнұр Бейсенбаев.

«AMANAT» фракциясының депутаттары Үкіметке бүгінгі талқылаудан тиісті қорытынды шығарып, әр министрлік жауапты болатын мәселелер бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын қабылдауды ұсынды.



«Ауыл» фракциясының жетекшісі Серік Егізбаевтың айтуынша, халықпен кездесу қорытындысы бойынша фракция депутаттары 120-дан астам сұрақтан тұратын тізім жасақтаған. Оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы техникасына мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі ерекше назар аударуды және жедел шешуді талап етеді.

– Осы тақырып бойынша фракция депутаттары Жигули Дайрабаев пен Ерболат Саурықов бірқатар



депутаттық сауал жолдап, Аграрлық мәселелер комитетінің тақырыптық отырыстары өтті. Алайда бүгінгі күнге дейін көтерілген мәселелерді шешу үшін Үкімет тарапынан жүйелі тәсілдерді көрген жоқпыз, – деді Серік Егізбаев.

Осыған байланысты «Ауыл» фракциясы ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркеме техниканы шығаратын отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдау шараларын қарастыратын арнайы салалық бағдарлама қабылдауды ұсынды.

«Ақ жол», Қазақстан Халық партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы, Respublika партияларының фракция жетекшілері де өңірлерді аралау нәтижелерімен және тиісті ұсыныстарымен бөлісті.

Жиын соңында Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов палатаның сегізінші шақырылымның екінші сессиясындағы қызметін қорытындылады. Ол Президенттің ауқымды реформалар бағытын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету бойынша байыпты да қажырлы іс атқарылғанын атап өтті. Бұл сессияда барлығы 39 жалпы отырыс өтіп, мәжілісмендер 302 мәселе қарады.

– Мәжіліс 100 заң қабылдады, соның ішінде әр үшінші заңға депутаттар бастамашылық етті. Олардың ішінде сот жүйесі туралы конституциялық заң, адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы, масса-медиа туралы заңдар бар. Сондай-ақ қоғамды ұзақ уақыт бойы алаңдатып келген өткір мәселелер – халықтың шамадан тыс кредит алуы, әйелдер мен балалар қауіпсіздігі, сондай-ақ лудомания мәселелері заңнамалық тұрғыдан реттелді, – деді палата Спикері.

Ерлан Қошанов азаматтық және сарапшылық қауымдастықпен тығыз және тиімді қарым-қатынас орнағанын атап өтті. Бұл бағытта Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палата табысты жұмыс атқаруда. Оның мүшелері өзекті заң жобалары бойынша жұмыс топтарына қатысады, онда қоғам пікірі ашық айтылады. «Инклюзивті Парламент» депутаттық тобы мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселелерін шешуге атсалысып келеді. Мәжіліс қызметінде Қоғамдық қабылдаудың да алатын орны ерекше. Биылғы сессияда депутаттар екі жарым мыңға жуық азаматты қабылдады.

– Парламент сессиясы аяқталды. Бірақ бұл тек заң қабылдау жұмысында ғана екі ай үзіліс болатынын білдіреді. Ал депутаттардың қызметі жалғаса береді. Өңірлерге барып, жұртшылықпен жүздесетін боламыз. Ел Президенті депутаттардың өңірлерге барып жұмыс істеуі маңызды екенін атап өтті. Сайлаушылардың мұн-мұқтажын өз аузынан тыңдап-білу – бізге берілген зор мүмкіндік. Болашақта мұның бәрі жана заңнамалық бастамалар мен депутаттық сауалдарға негіз болады, – деп түйіндеді Ерлан Қошанов.

Сонымен қатар Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитеті ғылым мәселелері бойынша заң жобасын жұмысқа қабылдады.

## TALDAU TALKS: МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Taldau Talks диалог алаңының кезекті отырысы өтті. Онда ОДМ-ның бес негізгі мақсатына арналған жинақ көпшілікке таныстырылды. Аталған еңбекті Парламент Сенаты жанындағы Сарапшылар клубының мүшелері мен «Талдау мектебі – Школа аналитики» жобасының үшінші кезеңінің түлектері бірлесіп әзірледі.



«Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жолындағы прогресті жеделдетудің негізгі өтпелі процестеріне қатысты ауқымды іс-қимылдарды жандандыру» атты Көшбасшылар диалогының бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы ұлттық стратегиялар мен бағдарламаларды әзірлеу кезінде орнықты даму қағидаларының маңызы зор екенін атап өтті. Мемлекет бюджетінің 80 пайызы орнықты даму мақсаттарына сай келеді.

ОДМ-ға қол жеткізу мәселелеріне арналған материалдар жинағы – талдаушылар мен менторлардың «Талдау мектебі – Школа аналитики» жобасының оқыту курсы аясындағы топтық жұмысының қорытындысы. Оның нәтижелері орталық және өңірлік деңгейлерде назарға алынады. Жинақта талқыланған мақсаттар кедейлікті жою, денсаулық сақтау мен білім деңгейін арттыру, су сапасын жақсарту және экономикалық өсу мәселелеріне қатысты екенін атап өткен жөн.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Парламент Үкіметпен, азаматтық қоғамдастықпен және сарапшылармен бірге Орнықты даму мақсаттарын іске асыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Біз Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссия аясында Біріккен Ұлттар

Ұйымының құрылымдарымен белсенді байланыс орнаттық. Осы тұрғыдан келгенде Талдау мектебінің тақырыбы аталған бағытпен үндес екенін айта кеткен жөн. Алдағы уақытта жарық көріп отырған жинақ мүдделі мемлекеттік органдарға, талдау орталықтарына және университеттерге жіберіледі», – деген палата Спикері қатысушыларға жобаның идеясын қолдағандары үшін алғыс білдірді.

Сонымен қатар сарапшылар Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылған Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссия аясында орнықты дамудың қалған мақсаттары бойынша да жобалар әзірлеу және бірлесіп жұмыс істеу бағытындағы бастамаларды талқылады.

Жинақты таныстыру барысында БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори, экономист Алмас Чукин, медиаменеджер Эльмар Муртазаев және тағы басқа сарапшылар сөз сөйлеп, өз ұсыныстарын білдірді.

Айта кетейік, Taldau Talks диалог алаңының алғашқы отырысы биыл наурыз айында өтті. Ол кезде іс-шараға арнайы шақырылған спикер Орталық Азия тақырыбы бойынша белгілі америкалық маман Фредерик Старр сөз сөйлеген еді.





# «AMANAT»:

## ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК, МЫҢНАН ТҮЛПАР ШЫҚҚАНДАР

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында «AMANAT» партиясы журналистер арасындағы дәстүрлі «AMANAT МЕДИА СЫЙЛЫҒЫ» республикалық байқауын қорытындылады. Биыл 10 номинация бойынша 12 жеңімпаз анықталды.

«AMANAT» партиясы журналистер арасындағы республикалық байқауды осымен 15 жыл қатарынан өткізіп келеді. Биыл байқауға 200-ге жуық адамнан 1500-ге жуық жұмыс келіп түсті. Олардың басым көпшілігі – аймақтардағы БАҚ қызметкерлері. Айта кетейік, биыл келіп түскен барлық жұмыстың шамамен 30%-ы «Біз біргеміз» – су тасқынымен күрес туралы үздік материал» номинациясына жолданды.

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов сыйлық иегерлері мен барша бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін алдағы кәсіби мерекелерімен құттықтады.

«Журналистер – мемлекет пен қоғамның арасындағы алтын көпір. Сіздер елдің даму бағдарын, Мемлекет басшысының реформаларын, оң өзгерістерді халыққа жеткізуде шешуші роль атқарып келесіздер. Президент айтқандай, тек мықты, кәсіби және дербес масс-медиа ғана шынайы идеологиялық егемендігімізді қамтамасыз ете алады. Күні кеше оның тапсырмасы бойынша әзірленген «Масс-медиа туралы» заңға қол қойылды. Бұл құжат журналистер құқығының қорғалуын күшейтіп, отандық медиа саланы дамытуға тың мүмкіндіктер береді», – деді ол.

Өз кезегінде, «Аймақ туралы ең үздік материал» номинациясының жеңімпазы Мөлдір Сапарова байқаудан алған әсерімен бөлісті.

«Біз өңірдің 80 жылдығына орай, арнайы репортаж дайындадық. Қазылар алқасы бұл жұмысты жүлдеге лайық деп танығаны қуантады. Бұл тек менің ғана жеке жетістігім емес, Jetyсу телеарнасы ұжымының ортақ жеңісі», – деді ол.

Өз кезегінде, «Жастар туралы үздік материал» номинациясының жеңімпазы Алтынбек Мерсадық өскелең ұрпақ жөнінде жазудың журналистер қауымы үшін қаншалықты маңызды екеніне тоқталды.

«Баянды болашақ – жалынды жастардың қолында. Олар жана қадамдарға бастамашы болып қана қоймай, әркез әлеуметтік өзгерістердің қозғаушы күшіне айналып жатады. Ал журналистика болса, осы жастар қауымының қызығушылығы мен қажеттілігін баяндай отырып, олардың өмірде он бағыт-бағдар таңдауына ықпал етеді», – деді ол.



Азамат ТІЛЕПОВ,  
«КАЗАҚ РАДИОЛАРЫ»  
ЖШС Ақпараттық-сараптау  
қызметінің редакторы:

### БҮЛ – ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНА БЕРІЛГЕН МАРАПАТ

– Мен «Қазақ радиосында» 11 жылдан аса еңбек етіп келе жатырмын. Бұл байқауға осыған дейін де бірнеше рет қатысқан болатыным. Биыл өткен «AMANAT МЕДИА СЫЙЛЫҒЫ» байқауында бағымыз шауып отыр. Өзіңіз білетіндей көктемнің соңғы айларында еліміздің біршама өңірлерінде қарғын су алып, көптеген елді мекендегі азаматтарымыз баспанасыз қалып жатты. Сол уақытта арнайы эфирлер ұйымдастырып, су тасқыны болған аймақтағы волонтерлермен тікелей байланыс орнатып ақпарат бердік. «AMANAT» партиясы жанындағы Жастар Рухы жастар қанаты қоғамдық бірлестігінің төрағасы Аерке Ескендірова ханымды эфирге шақырған едік. Өңірлердегі ахуалды көзімен көріп келген соң, «AMANAT» партиясы атынан көрсетіліп жатқан көмек және Жастар Рухы қоғамдық бірлестігінің еріктілері атқарған жұмыстарды насихаттау мақсатында эфир ұйымдастырылған еді. Сол бағдарламаны «AMANAT медиа – 2024» байқауына ұсындық. Жиында партия Төрағасы Ерлан Жақанұлы да айтып өткендей, байқауға келіп түскен 252 жұмыстың 30 пайызы осы «Бір біргеміз» номинациясына үміткер болған екен. Бүгінгі әріптестерімізді марапаттарымен құттықтағым келіп отыр. Қазір медиа саласының мамандарына мемлекет тарапынан да, қоғамдық ұйымдар тарапынан да жақсы көңіл бөлінуде деп есептеймін. Мемлекет басшысы да осыдан бірнеше жыл бұрын арнайы бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнін атап өтуді ұсынған еді. Соның негізінде Үкіметтің арнайы қаулысы шығып, бүгін міне бесінші жыл қатарынан 28 маусымда төл мерекемізді тойлап келе жатырмыз. Жыл сайын осы мереке қарсаңында осындай шаралар ұйымдастырылып, бәріміз бір маркайып қаламыз. Сондықтан бүгін жүлделі болған әріптестеріме құтты болсын айтып, қуанышымен бөлесеміз. Ақпарат билейтін қазіргідей кезеңде еліміз өркендей берсін!



Алтынбек  
МЕРСАДЫҚ,  
Aikyn.kz сайтының  
редактор-  
журналисі:

### ЖАС ТАЛАНТТАРДЫ ЖИІ НАСИХАТТАҒЫМ КЕЛЕДІ

– Бұл байқауға «Жастар туралы үздік материал» номинациясы бойынша қатыстым. Ұсынған жұмысым – жас ғалым, робототехник Айгерім Нұрбаевадан алған сұхбат. Мұнда сарапшы елдегі робототехниканың жай-күйі, ғылымдағы әйелдердің рөлі, қазақ тілінің ғылым тіліне айналуы секілді маңызды мәселелерді сөз етеді. Өз басым осындай жастардың барына әрі олардың қазақтың ғылым-білімін көркейтуге үлес қосып жатқаны үшін қуанамын. Жалпы, журналистиканың қоғамдағы түйіткілді мәселелерді ашық жеткізуінен бөлек, тағы бір маңызды миссиясы бар. Ол – ағартушылық. Менің де осы қатардан көрініп, біздің қоғам әлі танып үлгермеген жас ғалымдарды, жас таланттарды өз салам арқылы жиі насихаттағым келеді.

## 946 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕР МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Жайылымдық жер тапшылығы проблемасын шешу шеңберінде биыл мемлекетке 946 мың гектар жер учаскесі қайтарылды. Бұл туралы Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова айтты. Қайтарылған учаскелер бірінші кезекте халыққа ауылдық жерде мал жаю үшін беріледі.

Депутаттар алдында сөйлеген сөзінде Тамара Дүйсенова биыл көктемгі егіс жұмыстарын қаржыландыру көлемі 3 есеге – 180 млрд тенгеден 580 млрд тенгеге дейін артқанына тоқталды. Сондай-ақ биыл агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға 431 млрд тенге қарастырылған. Қосымша 323 млрд тенге қажет. Бұл мәселе бюджетті нақтылау кезінде қаралатын болады.

Вице-премьер «Ауыл аманаты» ауыл халқының табысын арттыру жобасын іске асыру кезіндегі проблемалар

туралы айтып берді. Оның айтуынша, туындаған мәселелерді шешу үшін жүйелі шаралар қабылданған.

«Бұл мәселелерді өңірлермен бірге «AMANAT» партиясымен және осы саладағы сарапшыларды қоса отырып бірнеше мәрте талқылады. Биыл жаңа тәсілдерді бірқатар өңірде алдымен пилоттық түрде жүзеге асырғымыз келеді, кейін тәжірибе алмасып, әр облыстың ерекшеліктерін ескере отырып жасаймыз деп жоспарлап отырмыз», – деп атап өтті Тамара Дүйсенова.





**Астананың төрінде, Тәуелсіздік сарайында 3-4 шілде күндері Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті өтеді. Қазір бұл ұйымға 9 мемлекет мүше және 3 мемлекет – бақылаушы.**

Айхан ШӘРІП

#### ҰЙЫМ МҮШЕЛЕРІНІҢ САНЫ 10-ға ЖЕТЕДІ

Өткен ғасырдың соңында іргелес конған бес мемлекет көшбасшыларының «Шанхай бестігі» аталған тұрақты кездесулері тетігі ақыры Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) құрылуына ұласты. Әу баста 1996-1997 жылдары Қазақстан, Қытай, Қырғыз Республикасы, Ресей және Тәжікстан қол қойған Әскери саладағы сенімді нығайту туралы, сондай-ақ Шекара аудандарында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісімдердің негізінде осы ұйым қалыптасты. Яғни, ШЫҰ шекаралас осы елдер арасында қарулы шиеленістердің алдын алу, олардың кең ауқымды шапқыншылыққа, территориялық тұтастықты бұзуға дейін ұшығуына жол бермеу міндетін атқарды.

Азия кеңістігі үшін аталған келісімдердің теңдесі жоқ сипатқа ие екенін ескере отырып, «Шанхай бестігі» елдері сол уағдаластықтардың орындалуын бірге үйлестіріп, жүзеге асуына жоғары деңгейде бірлесе бақылау жүргізу туралы шешім қабылдады.

«Шанхай бестігін» жеке ұйымға – әртүрлі саладағы көпжақты ынтымақтастықты ілгерілететін өңірлік құрылымға айналдыру 2000 жылғы 4 шілдеде бекітілген Душанбе декларациясында мөлмделді. Оған Қазақстан, Қырғыз Республикасы, ҚХР, РФ, Тәжікстан қосылды.

Қазір ШЫҰ-ға барлығы 9 мемлекет – Қазақстан, Қырғыз Республикасы, ҚХР, РФ, Тәжікстан, Өзбекстан, Пәкістан Ислам Республикасы, Үндістан, Иран Ислам Республикасы кіреді.

Тағы 3 ел – Ауғанстан (2021 жылдан бергі қазіргі ресми атауы – Ауғанстан Ислам Әмірлігі) Моңғолия және Беларусь бақылаушы мемлекет мәртебесіне ие. 2022 жылғы Самарқан саммитінде Беларусь статусын мүше-мемлекет деңгейіне дейін көтеру процесі басталды. Ал дәл Астана саммитінде




*Халықаралық сарапшылардың байламынша, терроризммен және экстремизммен күрес – саммиттің күн тәртібіндегі басты тақырыптардың бірі болмақ. Өйткені дәл соның қарсаңында Ресейде, соның ішінде Мәскеудегі Крокус-Сити холда лаңкестік акті болды. Күні кеше Дағыстанда да белгісіз біреулер ел астанасы Махачкала мен тарихи шаһар Дербентте атыс ашып, кейбір деректер бойынша, 25-тей құқық қорғау қызметкері қаза тапқан.*

ШЫҰ мүшелерінің саны 10-ға дейін жетеді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының астаналық саммитінің басты жиыны алдағы бейсенбіде, 4 шілдеде Тәуелсіздік сарайында ашылады. Саммитке Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев төрағалық етеді. Себебі 2023 жылдың шілдесінен бері ұйымға Қазақстан төраға болып келді. Астана саммитінен кейін ШЫҰ-ның төрағалық тізгінін Қытай ұстайды.

Осының алдында Қ.Тоқаев ШЫҰ-ның алдағы Астана саммиті «Көпжақты диалогті нығайту – орнықты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» деген тақырыппен өтетінін жеткізді.

– Шанхай ұйымының негізгі мақсаттарының бірі – аймақтағы бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақты дамуы қамтамасыз ету. Мұны аталған күн тәртібі анық көрсетеді. Бұл саммит әлемдік архитектурада өте маңызды орын алатын ортақ ұйымның тарихына жаңа парақ болып енеді. Шанхай ынтымақтастық ұйымына бүкіл әлем көз тікті. Қызметімізге басқа державалар қызығушылық танытты, көптеген сұрақ қояды. Мен 1996 жылы



# ШЫҰ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН БЕЛЕСІ

сәуірде ШЫҰ құруға қатысты. Ол кезде бұл ұйым «Шанхай бестігі» аталатын. Содан бері Шанхай ынтымақтастық ұйымының рухы қалыптасты. Біз Азиядағы, Еуразия құрлығындағы, жалпы әлемдегі бейбітшілікті, қауіпсіздікті сақтау жолындағы ықпалдылығымыздың негізгі қағидаттарын дәйекті түрде нығайтып келеміз. Бұл – өте дұрыс қадам! – деді Президент.

Еліміздің Сыртқы істер министрлігінің мәліметінше, Астана саммитіне бірден 16 елден мемлекет лидерлері мен үкіметтер басшылары келеді деп жоспарланған. Яғни, Қазақстандағы ұлы құрылтайға мүше және

Сонын ішінде саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ықпалдастық және халықаралық геосаяси мәселелер талқыға салынбақ.

«Саммит отырысы барысында Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық және өңірлік өзекті проблемаларды шешудегі ролін әрі қарай нығайтуға септесетін көкейкесті мәселелердің кең спектрін қарау жоспарланып отыр», – деген түсініктеме берді қазақстандық сыртқы саясат ведомствосы.

Жоғарыда айтылғандай, Астана саммитінде Беларусь республикасын ШЫҰ-ға толыққанды мүше ретінде қабылдау туралы шешім қабылданады. Биылғы мамырда, мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерінің саммитінде Қ.Тоқаев Беларусьтің «Шанхай рухын» одан ары күшейтуге және ШЫҰ аясындағы көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға айтарлықтай үлес қосатынына сенім білдірген болатын.

#### ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ КҮРТ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Алдағы саммит аса мәртебелі болғандықтан, Қазақстан қауіпсіздікті күшейтудің шараларын енгізіп жатыр. Бұл туралы шетелдік беделді ақпарат құралдары да хабарлады. Жарты әлемді билеген тұлғалардың қауіпсіздігі – мемлекеттің маңызды мәселе екені мәлім.

Мысалы, саммит өткізу кезеңінде Астаналық балабақшалар жабылады. Мемлекеттік қызметшілердің 70 пайыздайы қашықтан жұмысқа көшеді. Басқаша айтқанда, қаланың тіршілігіне жауаптылары және саммитке қызмет етуге жұмылдырылғандар ғана жұмыс орнында қалмақ. Сондай-ақ квазимемлекеттік сектордың, ұлттық компаниялардың ұжымдары да жұмыс күні үйлерінде отырады.

«Қала тұрғындары мен қонақтарына қолайлы болуы, сондай-ақ жолдарда кептелістердің туындауын болдырмау үшін мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік секторға 2-ші шілдеден бастап, 4 шілде күндері аралығында, қызметкерлерінің 70 пайызға дейінгісі жұмысты қашықтан істеу форматына ауыстыруға кенес берілді. Бұған қоса, 3-4 шілде күндері мектепке дейінгі мекемелер жұмыс істемейтін болады», – деп хабарлады Астана әкімдігі.

Бұл ақпаратты елордалық Білім басқармасы растады.

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, балабақшалар екі күн бойын, яғни 3-4 шілде күндері жұмыс істемейді, жабылады. Бұл Астанада Шанхай ынтымақтастық ұйымы саммитінің өткізілуімен байланысты. Бізге Оқу-

ағарту және Ішкі істер министрліктерінен осыны сұраған хаттар түсті», – деді басқарма мамандары.

Әкімдіктің түсіндіруінше, бұл – әлемдік тәжірибе: көп елден лидер жиналатын ірі халықаралық іс-шара өткізілген кезде қауіпсіздіктің күшейтілген шаралары қабылданады. Қаланың белгілі бір аудандары жабылады. Жұмыскерлер ішінара қашықтан жұмысқа көшіріледі.

Халықаралық сарапшылардың байламынша, терроризммен және экстремизммен күрес – саммиттің күн тәртібіндегі басты тақырыптардың бірі болмақ. Өйткені дәл соның қарсаңында Ресейде, соның ішінде Мәскеудегі Крокус-Сити холда лаңкестік акті болды. Күні кеше Дағыстанда да белгісіз біреулер ел астанасы Махачкала мен тарихи шаһар Дербентте атыс ашып, кейбір деректер бойынша, 25-тей құқық қорғау қызметкері қаза тапқан. Екі шіркеу, екі синагога өртеліп, православ діни қызметкері қастандықпен бауыздап өлтірілген. Биылғы 16 маусымда Ростов-на-Дону қаласында «ИГИЛ-Даиш» лаңкестік ұйымы атынан әрекет еткен жат діни ағымның өкілдері тергеу изоляторындағы қызметкерлерді кепілге алды.

#### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫ ҚАНДАЙ ЖЕМІС БЕРДІ?

Биылғы сәуірде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та таяуда ШЫҰ елдерінің қауіпсіздік кеңестері хатшыларымен кездесуде әлемде халықаралық терроризм қайтадан күшейе бастағанына екпін түсіргені белгілі. Оның айтуынша, бүгінде барынша жүйелі және батыл жауап қажет. Өршелене түскен терроризмге мемлекеттердің жауабы қандай болатыны да ШЫҰ саммитінде талқыға салынып, нақты шешімдерге негіз болуы мүмкін.

2024 жылғы 21 мамырда ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерімен кездескен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның төрағалығының алдын ала қорытындысына тоқталды және жетекші ретінде Қазақстанның ұйым әлеуетін одан әрі арттыру үшін бар күш-жігерін жұмсағанын нықтады. Оның айтуынша, өткен бір жыл ішінде ШЫҰ-ның цифрлық, туристік және энергетикалық салалар бойынша ұйымдастырылған форумдарын қоса алғанда, жалпы саны 100-ден астам іс-шара өткізілді.

Мысалы, біраз жыл бұрын Қазақстан «Киелі орындар» жобасын жүзеге асырған болатын. Соның үлгісінде Астана Шанхай ынтымақтастық ұйымы елдерінің «Киелі орындары» жобасын қолға

алды. Оның аясында жүргізілген жұмыстар аяқталып келеді.

Қазақстанның бастамасымен 2024 жыл ШЫҰ-да «Экология жылы» болып жарияланды. Қазақстан Үкіметі энергетика, көлік және мәдениет салаларында қосымша бірқатар айтулы шараға дайындық жұмыстарын жалғастырып жатыр. Олардың эстафетасы ҚХР-ға табысталады.

Атап өтер жайт, төраға ретінде Қазақстан Астана саммитінде қабылдануға тиіс ортақ шешімдердің, көпжақты құжаттардың жобаларын әзірледі. Олардың мәтіндерін барлық мүше мемлекеттің келісімінен өткізді, олардың талап-тілектерін, ұсыныс-ескертпелерін қабылдап, пысықтады. Тоғыз елдің СІМ басшыларының, басқаларының жиындарын өткізді. Дайындық жұмыстарын толыққанды, қызу жүргізді.

Нәтижесінде, ШЫҰ-ның келесі аптадағы Астана саммитінің күн тәртібіне 20-дан астам құжат шығарылып, мемлекеттер басшылары кеңесінің қарауына ұсынылады. Олардың саммиттен кейін тиімді іске асырылуы ШЫҰ аясындағы жан-жақты серіктестіктің нығаюына елеулі серпін беруге тиіс. Бұл енді жана төраға – шығыс көршінің жауапкершілігіндегі іс.

Президенттің пікірінше, жаһандық стратегиялық тұрақсыздық жағдайында кешенді тәсілдерді қолданудың барлық тараптың мүддесін ескерудің және үнемі мәмілеге келу жолдарын іздеудің маңызы артып келеді. Мемлекет басшысы бүкіл адамзат үшін бейбіт және үйлесімді даму мұраттары мен құндылықтарын ұжым болып ілгерілететін уақыт келді деп санайды.

Сондықтан Қазақстанның бастамасымен Астана саммитінде қабылданады деп күтіліп отырған басты бір құжат – ШЫҰ-ның «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» бастамасы болмақ. Сондай-ақ алдағы саммит барысында ШЫҰ-ның «Астана декларациясы» қабылданады. Онда әлемнің түрлі өңіріндегі қалыңдықтарды реттеу үшін халықаралық күш-жігерді біріктіруге мән берілмек.

Мұның сыртында Қазақстан ШЫҰ-ны реформалау бастамасын көтерді. Ұйымның қызметін жетілдіруге бағытталған нақты шешімдерді дайындауға мүше мемлекеттердің белсенді қатысуы маңызды. Қазақстан өз тарапынан ШЫҰ-ны ынтымақтастықтың тиімді және көпжақты тетігіне айналдыру жөнінде теңгерімді ұсыныс жасады. Мемлекетіміз алдағы уақытта да осы бастамалар қолдау табады деген үмітте.



Алаяқтардың азаматтар үстінен миллиондап онлайн несие рәсімдеп, депозит-есеп-шотындағы бар жинағын қотарып алуына қуатты бір тосқауыл қойылмақ. Осы мақсатта Sauar.org ағартушылық порталының хабарлауынша, 2024 жылғы 22 тамыздан бастап ел тарихында тұңғыш рет «Антифрод-орталық» өнеркәсіптік эксплуатацияға беріледі. Бұл хабарды Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов растады.



Елнар ҚАБА (қолжазба)

# АЛАЯҚТАРМЕН АРПАЛЫСҚА «АНТИФРОД» АРАЛАСТЫ

Елдос СЕНБАЙ

## АНТИФРОД ДЕГЕН НЕ?

«Антифрод» деген сөз ағылшын тілінде anti-fraud, яғни «алаяқтыққа қарсы» дегенді білдіреді. Антифродтар, яғни мамандандырылған, автоматтандырылған бағдарламалар, мысалы құзырлы орган бекіткен критерийлер негізінде әрбір банктік және онлайн операцияларды бағалап, күдікті транзакцияларды іріктеп алады да, дереу бұғаттайды.

Бұл ретте «Антифрод-орталық неге бүгіннен іске қосылмайды, неге дәл 22 тамыз таңдап алынған?» деген сауал туындайды. Өйткені осы күні «Кейбір заңнамалық актілерге байланыс, цифрландыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заң күшіне енеді. Бұл заң 2024 жылғы 21 мамырда өмірге жолдама алды және алғашқы рәсім жарияланған күнінен 60 күн өткен соң ғана қолданысқа енгізіледі.

Тимур Сүлейменовтің айтуынша, Ұлттық банктің еншілес ұйымы – «ҚР Ұлттық банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ-ның базасында істейтін Антифрод-орталық платформасы қазірден әзір тұр. Ол былтырғы жылдың қарашасынан бері 13 банктің және «Қазпошта» АҚ-ның қатысуымен тестілік режимде жұмыс істей бастады. Ішкі істер органдары да платфор-

айналысады, — деді Ұлттық банк төрағасы Т.Сүлейменов.

Антифрод-орталыққа барлық банктің, төлем ұйымдарының, мобильді операторлардың ақпараттық жүйелері қосылады. Бұл шынайы уақыт режимінде ақпарат алмасуға, тұлғаларды және оларға қатысты операцияларды алаяқтардың қара тізімі бойынша тексеріп, салыстыруға мүмкіндік береді.

## ЖЫЛПОСТАРҒА ЖЕМ БОЛЫП ЖАТЫР...

Sauar.org қазақстандықтардың алаяқтарға жем болып жатқанын дәлелдейтін нақты деректер келтіреді. Мысалы, Алматы қаласында 73 жасар зейнеткер Л.В. алаяқтардың арбауына түсіп, жалғыз баспанасын тездетіп 18 миллион теңгеге сатып жіберген. Сондай-ақ банкте 1 миллион теңге кредит рәсімдеген. Осы қаражаттарды және депозиттегі 6 миллион теңге жинағын қосып, алаяқтарға жалпы сомасы 25 миллион теңгесін аударған. Қазір Алматы қаласының Алматы аудандық полициясы қылмыскерлерді іздеу бойынша тергеуді тоқтатқан екен. Бүгінде кейуана әлеуметтік



тергеу іс-шараларын тоқтатты. Өз кезегінде банктер зардап шегушіні несиелерін толық өтеуге мәжбүрлеу жұмысын жүргізіп жатыр.

2023 жылғы қазанда Алматыда қаскөйлер қоғамдық көлік ішінде 63 жасар зейнеткер А.З.-ның ұялы телефонын ұрлап алып, оның қатысуынсыз, әжейдің үстінен 577 мың теңге несие рәсімдеген. Ішкі істер органдарына банктің ол қаражатты кімге жолдағаны белгілі екен, алайда қылмыскерлерді ұстау бойынша әрекет танытпаған. Банк болса, визуалды верификация бойынша өз жұмысындағы олқылықты мойындамаған және зардап шегушіні несиесін толық мойындауға мәжбүрлеу үшін шара қабылдап жатыр.

Мұндай мысалдар жетіп артылады. Алаяқтар нөмірді ауыстыру технологияларын қолданып, қазақстандықтарға тіпті төл банктерінің, туыстарының, бастықтарының ұялы телефонынан қонырау шалады. Немесе құрбанының сеніміне кіру, мысын басу, сөзсіз бағынуға мәжбүрлеу үшін өзін таныстырғанда банк қызметкерінің, ішкі қауіпсіздік қызметкерінің, құқық қорғау органы өкілінің, Ұлттық банк, министрлік қызметкерінің және басқасының «терісін» жамылады.

## ПӘРМЕНДІ КҮРЕС – БИЛККЕ СЫН

ПМ дерегінше, 2022 жылы қазақстандықтардан өз үстінен алаяқтардың банктерде – 6,6 миллиард теңгеге кредит рәсімдегеніне қатысты 5 814 шағым, микроқаржы ұйымдарында жалпы сомасы 342 миллион теңгеге несие рәсімдегені туралы 619 шағым түскен.

2023 жылы тіркелген шағымдардың саны банктер бойынша – 6 246-ға, шығын сомасы 7,5 миллиард теңге сомаға жетті. Мұның сыртында алаяқтар 451 азаматқа МҚҰ-ларда 255 миллион теңге несие рәсімдеп, қаражаттарды қолма-қол шешіп алған.

Бұл полицияға арызданғаны бұған. Мұның сыртында мыңдаған адам алаяқтарға алданғанын, сазға отырғанын біліп, сан соққанымен,

алмасу, сондай-ақ алаяқтық операцияларға үн кату үшін Антифрод-орталық инфрақұрылымын іске асырады. Бұл орталықтың міндеттеріне біріншіден, алаяқтық транзакцияларды анықтап, оларға жедел ден қою, соның ішінде оларға аударылған қаражатты, транзакцияны бұғаттау кіреді. Екіншіден, қаржы нарығына қатысушылар арасында онлайн режимде алаяқтық операциялар туралы ақпарат алмасуды. Үшіншіден, алаяқтық операциялардың бірінғай деректерін жүргізеді. Қаржы ұйымдарының құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады, — деді Ұлттық банк басшысы Тимур Сүлейменов.

Қабылданған «байланыс, цифрландыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша» заңда айтылғандай, Антифрод-орталық немесе «алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығы» — Ұлттық банктің алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын болғызбауға бағытталған шараларды жүзеге асыратын заңды тұлғасы, еншілес ұйымы болады.

## АЛАЯҚТЫҢ НЕСИЕСІ КЕШІРІЛЕДІ

Антифрод-орталық банктер мен МҚҰ секілді қаржы ұйымдарынан, төлем ұйымдарынан, ұялы байланыс операторларынан және қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскен, алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша инциденттер мен әрекеттенулер туралы мәліметтерді, сондай төлемдер, ақша аударымдары жөніндегі деректерді жинайды, өңдейді және талдайды.

Орталық алаяқтық белгілері бар төлем операцияларын болғызбау үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде қатерлер, осал тұстар, инциденттердің туындауының алғышарттары, сондай-ақ олардың алдын алу және зардаптарын жою әдістері туралы ақпаратты қаржы ұйымдарына, төлем ұйымдарына, ұялы байланыс операторларына, қылмыстық қудалау органдарына ұсынады.

Қаржы ұйымы, төлем ұйымы алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы анықталған кезде оны тоқтата тұрады. Ары қарай қылмыстық қудалау органы Антифрод-орталықтан алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы жөніндегі хабарды алғаннан 3 жұмыс күні ішінде оны бұғаттауды жалғастыру туралы шешім қабылдайды. Немесе аударымды одан ары жүзеге асыруға рұқсат етеді. Яғни, ақша аударымы немесе төлем 3 күннен аспайтын уақытқа ғана бұғатталады.

Бас прокурор Берік Асылыовтың депутаттарға жазбаша ұсынған мәліметіне жүгінсек, былтырдан бүгінгі күнге дейін алаяқтардың 49 миллионнан астам қонырауы, оның ішінде алмастырылатын нөмірлерден жасалған телефон соғулар бұғатталды.

— Бұл бағытта басқа да шаралар қабылданып жатыр. Ұлттық банк базасында жақын арада Антифрод-орталық іске қосылады деп күтілуде.

Қазақстан Еуропа кеңесінен компьютерлік қылмыстар туралы Будапешт конвенциясына қосылуға шақырту алды. Халықтың қаржылық-құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша ауқымды түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Серилалар мен бейнероликтер түсіріліп жатыр. Сонымен бірге бірқатар заңнамалық түзету жоспарланған. Соның ішінде алаяқтық белгілері анықталған жағдайда клиенттердің арыз-шағымдары бойынша ақшаға қол жеткізуді бұғаттау ұсынылды. Жалпы, биылғы жылы интернет алаяқтық фактілері бойынша барлығы 8 мыңнан астам қылмыстық іс тіркелді, оның 50%-ы кредит рәсімдеумен байланысты, — деді Берік Асылыов.

Ал Үкіметтің дерегінше, 2023 жылдан бері барлық өңірде CyberPol мамандандырылған арнайы топтары құрылып, күреске тартылды. Жыл басынан бері олар алаяқтар шығарып өкеткелі тұрған 79 миллион теңгеден астам қаражатты бұғаттаған.

Өткен аптада, 2024 жылғы 19 маусымда Президент «Кейбір заңнамалық актілерге кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Оған сәйкес, бұдан былай алаяқтардың ықпалымен рәсімделгені дәлелдейтін сот актілері бар берешектер кешіріледі. Несие клиенттің қатысуынсыз, алаяқтық жолмен рәсімделгені сотта дәлелденсе және тиісті сот үкімі күшіне енсе, онда қаржы ұйымына клиенттен ол қарызын өндіруіне тыйым салынады.

«*Антифрод-орталыққа барлық банктің, төлем ұйымдарының, мобильді операторлардың ақпараттық жүйелері қосылады. Бұл шынайы уақыт режимінде ақпарат алмасуға, тұлғаларды және оларға қатысты операцияларды алаяқтардың қара тізімі бойынша тексеріп, салыстыруға мүмкіндік береді.*»

маға қосылу сатысында тұр. ПМ алаяқтықпен байланысты инциденттерге жедел үн қатып, ден қоюы және қаржы ұйымдарының бәрімен шұғыл ақпарат алмасу алуы үшін тұғырнамада оған арнап, жеке функционал дайындалыпты.

— Бірақ Антифрод-орталықты өнеркәсіптік эксплуатацияға енгізу тек аталған заң қолданысқа енгізілген соң ғана жүзеге асырылады. Яғни, заң күшіне енген күні орталық та өнеркәсіптік қолданысқа беріледі. Сонымен қатар Ұлттық банк алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың тиімді тетігін құру мәселесіне басымдық беретінін атап өтеміз. Осыған орай Антифрод-орталықтың базасында «Құзыреттер орталығы-Центр компетенций» құрылатын болады. Ол алаяқтықты жүзеге асыру әдістерін талдаумен, сондай-ақ заңсыз ойын бизнесі, заңсыз бәс қабылдау және есірткі айналымын қоса алғанда, құқыққа қарсы операциялармен күрестің пәрменді шараларын әзірлеумен

баспанада тұрады және зейнет-ақысының 70%-ын соның аренда-на төлейді. Қалған сомасының бір бөлігін банкте рәсімдеген несиесін өтеуге аударуға мәжбүр. Банктің кестесі бойынша ол кредитін 2028 жылға дейін немесе 79 жасқа толғанша өтейтін болады.

Өскеменде 72 жасар әжей Б.Б. алаяқтардың тұзағына түсіп, 2 миллион теңгеден астам сомаға банкте кредит рәсімдеген. Ішкі істер органдары оны «зардап шегуші» деп таныды. Тергеу іс-шаралары тыйылған. Яғни, полиция қолында зейнеткердің аударған қаражатын шешіп алғандардың фото-видео-сы бола тұра, қылмыскерлер құрықталмапты.

Алматыда ауруханалардың бірінің мейірбикесі, 54 жасар К.К. алаяқтардың сөзіне еріп, бірден екі банкте 6 миллион теңге несие рәсімдеп, оны қаскөйлердің нұсқаған шотына аударған. Қазір оның ісі бойынша да полиция қылмыскерлерді іздеу және





## «ПАРАСАТ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАДЫ

Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күні қарсаңында Парламент Сенатында журналистер арасындағы «Парасат» байқауының лауреаттарын марапаттау рәсімі өтті. Палата Төрағасы Мәулен Әшімбаев әр аталым бойынша үздік шыққан жеңімпаздарды құттықтап, жүлделерін салтанатты түрде тапсырды.

Мәулен Әшімбаев журналистер қауымын құттықтай келе, бұқаралық ақпарат құралдары Әділетті Қазақстан құру бағдарын іске асыруға белсенді қатысып келе жатқан маңызды институттардың бірі екенін айтты. Сенат Спикері журналистердің парламенттік пулы заң шығарушы орган мен қоғамды байланыстыратын мәнге ие екенін де тілге тиек етті. Сондай-ақ ол елімізде болып жатқан оқиғалар, Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған реформалар, сенаторлардың жұмысы және заңнамалық өзгерістер мен қабылданған шешімдер жайында ақпарат таратып, олардың маңызын халыққа дәйекті түрде жеткізіп жүрген тілшілер қауымы мемлекетіміздің дамуына үлкен үлес қосып отырғанын атап өтті.

«Сонғы жылдарда елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен Әділетті Қазақстан құру жолында ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, бұл – барша қазақстандықтың алдында тұрған маңызды міндет. Осыған байланысты кешенді саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалар іске асырылып келеді. Ұлттық құндылықтарды дөріптеу, идеология бағытында да маңызды қадамдар жасалуда. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында осы саладағы негізгі басымдықтарды белгілеп берді. Сол қағидаттар және атқарылып жатқан жұмыстар мен қабылданған заңдарды халыққа жеткізіп, олардың мәнін түсіндіруде бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің рөлі зор», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат жұмысындағы басым бағыттардың бірі өңірлердің дамуына ықпал ету, сондай-ақ жергілікті өкілді және атқарушы органдармен бірлесіп өзекті проблемаларды шешу екені белгілі. Осыған байланысты Мәулен Әшімбаев бұқаралық ақпарат құралдарының болған оқиғаны жедел және объективті жариялауы, сенаторлардың депутаттық сауалдары бойынша сюжеттері мен макалалары, тұрақты комитеттердің қызметі мен қабылданып жатқан заңдар туралы талдамалық материалдары аса маңызды екеніне назар аударды. Сондықтан сенаторлар БАҚ өкілдерімен байланысты одан әрі нығайтуға мүдделі.

«Парламент осы сессияда 100-ге жуық заң қабылдады. Барлық заң халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, елімізді одан әрі дамытуға және азаматтарымыздың құқықтарын қорғауға арналған.

Осы ретте әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қорғауға, қоғамдық бақылауды арттыруға және мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіруге арналған заңдарды ерекше атап өткен жөн. Маңызды нормалардың қатарында «Масс-медиа туралы» заң да бар. Бұл құжат масс-медиа саласындағы заңнаманы жүйелі түрде жетілдіруді көздейді. Заң шығару қызметімен бірге Сенат маңызды мәселелерге арналған Үкімет сағаттары, Парламенттік тыңдаулар, дөңгелек үстелдер және халықаралық іс-шаралар өткізді. Сенаторлардың өңірлерге сапарын да айрықша атап өткен жөн. Осы жұмыстың бәрін өздеріңіз де қатысып, олардың маңызын халыққа жеткізіп келесіздер. Сенат әрдайым бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Алдағы уақытта осы байланыс одан әрі артады деп сенемін», – деп Мәулен Әшімбаев БАҚ өкілдеріне зор денсаулық, бақ-береке және шығармашылық табыс тіледі.

Айта кетейік, биыл «Парасат» байқауына қатысуға телеарналар, радио, газет, ақпарат порталдары және басқа да медиадан еліміз бойынша 120-ға жуық жұмыс келіп түсті. Олардың арасынан жүзден жүйріктер анықталды:

**Үздік телевизиялық материал:** Айдарбек Балғабеков – «24KZ» телеарнасының Солтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі, Фариза Болатбек – Atameken Business телеарнасының тілшісі.

**Үздік радиоматериал:** Алмас Байдрахманов – «Қазақ радиосының» тілшісі.

**Мерзімді баспасөздегі үздік материал:** Ескендір Зұлкарнай – Egemen Qazaqstan газетінің тілшісі, Екатерина Байняшева – «Наш Костанай» газетінің тілшісі, AiQyn газетінің ұжымы.

**Интернет-басшылықтағы үздік жарияланым:** Руслан Ғаббасов – «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігінің тілшісі, Әйгерім Умат – Infombyro.kz ақпарат агенттігінің тілшісі.

**Әлеуметтік желілердегі үздік жазба:** Болат Бұхарбай – Jaqsy Bolady YouTube арнасының автор-жүргізушісі, Абай Тіленшиев – Abay Live YouTube арнасының автор-жүргізушісі, Ренат Ташкинбаев – «Другие места» блогының авторы.

**Жылдың арнайы сыйлығы** – «Үздік аналитикалық материал»: Амангелді Сейітхан – Qazaqstan Ұлттық телеарнасының тілшісі, Аружан Дәрібай – Tenginews.kz ақпараттық интернет-порталының тілшісі, Лаура Түсіпбекова – «Казахстанская правда» газетінің тілшісі.

## ҰЛТТЫҚ ЖОБА ҚАНДАЙ МІНДЕТТЕРДІ ШЕШУГЕ АРНАЛҒАН?

2021 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы Жарлыққа қол қойды. Осы 10 жобаның арасында «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы да бар. Ол халықтың қолайлы өмір сүру ортасын құруға және елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Тағы бір өзекті мәселе – экология саласы. Бұл – халықтың тұрмыс сапасына ықпал ететін өте маңызды сала. Бірақ біздегі ахуал ойдағыдай деп айтуға болмайды. Сауалнама кезінде азаматтарымыздың 48 пайызы ғана экологиялық жағдайға көңіліміз толады деп жауап берген. Осыған орай, жаңа Экологиялық кодекс қабылданды. Бұл – жұртшылықтың талап-тілегін ескеріп дайындалған жүйелі әрі кешенді құжат. Сондай-ақ кодекс озық халықаралық стандарттарға сай келеді», – деген-ді.

Анарғыс АҚЫЛМАН

2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба 4 бағытты, 11 міндетті, 19 көрсеткішті, 48 іс-шараны қамтиды. Жасалған жоба бойынша, әрине мемлекет бюджетінен қаражат бөлінетіні анық. Мәселен, 2021 жылы аталмыш жобаны жүзеге асыруға бюджеттен 89,3 млрд теңге қарастырылса, 2022 жылы «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының іс-шараларын іске асыруға шамамен 161 млрд теңге жоспарланғанын еске сала кетейік. Нәтижесінде, 2021 жылы 16 кәсіпорын атмосфералық ауаға 655 мың тонна қалдық зат шығарып, ол 2020 жылғымен салыстырғанда, 3 пайызға аз болса, ал 2022 жылдың алты айының өзінде кәсіпорындар шығарған қалдық заттар 293,2 мың тоннаға жеткен. Мұны да сол 2021 жылғымен салыстырсақ, 6,7 пайызға кемігенін байқауға болады. Демек, «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы бойынша жасалып жатқан жұмыстар нәтиже беріп отыр деуге әбден болады.

### ҚАЗАҚСТАН «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» КӨШУ СТРАТЕГИЯСЫН ӨЗГЕРТТІ

Жуырда Мемлекет басшысы 2024 жылғы 10 маусымдағы Жарлығымен жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасына бірқатар өзгеріс енгізді. Құжатта жасыл экономикаға көшу – Тұрақты даму мақсаттарына жетудің негізгі жолы және Қазақстанның Париж келісімі аясында парниктік газдар шығарындыларын азайтуға қосқан үлесі деп жазылған. Біріншіден, құжатта суды үнемдейтін технологияларды кеңірек енгізіп, антропогендік ағынды суларды барынша газарту – су ресурстарын пайдаланудың тұрақтылығын қамтамасыз етеді әрі таза су қоймаларының санын арттыруға көмектеседі деп айтылған. Екіншіден, ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына мән беру керек. Бұған органикалық өнімдердің үлесін арттыру, техникалық жабдықтау, тұқым генофондымен қамтамасыз ету арқылы қол жеткізуге болады. Бұл факторлар өнімділікті ғана емес, жобаның экологиялық тазалығын да арттырмақ. Өнеркәсіп, құрылыс және көлік салалары да өзгеріске ұшырайды. Бұл салаларда энергия үнемдеу әрі энергия тиімділігін арттыруды бірінші орынға қою жоспарлануда. Осылайша, жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын азайтуға мүмкіндік туады. Қазақстанның барлық аймағы үшін көкейкесті мәселе – қоршаған ортаны қалдық-коқыспен ластану және қалдықтарды жинап, кәдеге жаратудың

қиындығы. Тұжырымдамада коқысты бөлек жинау жүйесін кенінен енгізіп, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеп, қайта пайдалану деңгейін арттыру ұсынылады. Құжатта «жасыл экономиканың» жеке тармақ болып тұрғаны заңды. Бұл бағытта қаржы институттары қоршаған ортаны жақсартуға, қалпына келтіруге көмектесетін жобаларды әзірлеуге, іске асыруға ынталандырады. Ынталандыру құралдарына «жасыл несиелер», «жасыл облигациялар» т.б. кіреді.

Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасына сай, жоспарланып отырған өзгерістердің арқасында 2050 жылға қарай елдің жылдық ЖІӨ базалық сценариймен салыстырғанда ширектен астамға өспек. Құжат авторлары уақыт өте келе ел «жана өнеркәсіп пен қызмет көрсету салаларын құрып немесе барын жанартып, халықтың өмір сүру сапасын жоғары стандарттарға жеткізе алады» деп сенеді.

Құжатты әзірлегендердің есебі бойынша, жоспарлы шараларды іске асыру инвестиция ағынын арттырады. Бұл өз кезегінде елдің ЖІӨ-дегі инвестиция үлесін 3-13%-ға көбейтпек. Бұған қоса, осы шараларды жүзеге асыру нәтижесінде 2031-2040 жылдары жыл сайынғы инвестициялар көлемі орта есеппен 7-8%-ға (10 жылда 235-270 миллиард долларға), ал 2041-2050 жылдары 14-15%-ға (10 жылда 650-700 миллиард долларға) артады. Жобаның тағы бір маңызды артықшылығы – әлеуметтік бөлігі. Жасыл технологияларды дамыту арқасында үш санаттағы мамандықтар бойынша жаңа тұрақты жұмыс орындары пайда болады деген болжам бар. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мәліметінше, экологияға байланысты мамандықтарға үміткерлердің қызығушылық деңгейі төмен, бұл ұдайы солай. «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасының авторлары мемлекеттік бюджеттен бірқатар мамандыққа бөлінетін білім гранттарын көбейту қажет екенін айтады.

Тұжырымдама әзірлеушілердің айтуынша, 2024 жылдан 2050 жылға дейінгі мерзімде тұжырымдаманы жүзеге асыруға қажетті қосымша инвестицияның жиынтық көлемі жыл сайын орта есеппен алғанда, шамамен, 15 миллиард доллар болады. Осы орайда ең жоғары жылдық инвестиция көлемі 2041-2045 жылдар аралығында ЖІӨ-нің 6,2%-на тең болмақ. Ал 2050 жылға дейінгі орташа инвестиция көлемі ЖІӨ-нің шамамен 4,4%-ын құрайды. Оның негізгі бөлігін жеке инвесторлардың қаражаты есебінен тарту жоспарлануда.



## БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУ ЖАЛҒАСЫП КЕЛЕДІ



Ақмола облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің басшысы Дастан Бөкешев кәсіпкерлерге жеке қабылдау өткізді. Бизнесің өзекті мәселелері өзара іс-қимыл шеңберінде Өңірлік кәсіпкерлер палатасының (ӨКП) алаңында талқыланды. Еске салсақ, биыл мамыр айында Қаржы мониторинг агенттігі, «Атамекен» ҰҚП басшылары және Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Өзара ынтымақтастық туралы ұшжақты келісімге қол қойды.

Айта кетейік, қазір ӨКП мен департамент арасында тығыз өзара іс-қимыл жолға қойылған. Жұмыстың кең ауқымы іске асырылып жатыр. Бірлескен қызмет кәсіпкерлердің нақты мәселелерін жылдам шешуге бағытталған. Мысалы, жыл басынан бері өңірлік палатаға 103 өтініш келіп түсті, соның ішінде 51 өтініш бойынша оң нәтижеге қол жеткізілді (50%). Қорғалған мүлктік құқық сомасы 80 млн теңгеден асты.

«Құқық қорғау желісі бойынша өтініштердің мазмұны түрлі. Құқық қорғау бойынша өтініш санының ұлғаюына қарай динамика байқалады. Жер мәселелері бойынша өтініштер 33%, салық салу саласы – 19%, АӨК – 17%, мемлекеттік сатып

алу бойынша – 11%, өзге де мәселелер бойынша (логистика, ТКШ) 15%-ды құрайды. Сонымен қатар құқық қорғау органдарына шағымдар 5%-ды құрады. Бізге келіп түскен өтініштерді саралай келе, мемлекеттік органдар тарапынан репрессиялық сипат бары байқалды», – деді ӨКП директоры Еркәнат Мұсылманбек.

Кездесу барысында кәсіпкерлер мемлекеттік орган өкілдеріне келендік кедергілер, мемлекеттік сатып алу, білім беру саласына қатысты мәселелермен жүгінді. Тараптар оларды шешу жөніндегі ұсыныстар, жалпы кәсіпкерлердің құқығын қорғау жөніндегі стратегияларды әзірлеу жайында уағдаласты.



**Өткен аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Масс-медиа туралы» жаңа заңға қол қойды. Мемлекет басшысы қол қойған «Масс-медиа туралы» заң 60 күннен кейін күшіне енетін болады. Жылға жуық уақыт қоғам мен биліктің талқылауында болып қабылданған құжат аталған салаға қандай өзгерістер әкелуі мүмкін? Жаңа заңның артықшылықтары қандай? Осы сауалдар төңірегінде Мәжіліс депутаты, «Масс-медиа туралы» заң жобасы жұмыс тобының жетекшісі Жанарбек Әшімжанмен сұхбаттасқан едік.**



саты бар медиа нарығына орасан зор инвестиция тартылды. Соңғы жылдары отандық сарапшылар қазақстандық медиа кеңістікті қорғау қажет деген мәселені көтеріп жүр. Бұл мақсатқа жетудің бір жолы — жергілікті өндіріс компанияларына қолдау көрсету. Бұл қолдау отандық БАҚ-қа сапалы ақпараттық өнім шығаруға мүмкіндік береді. Қазақстандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. БАҚ субъек-

**Жанарбек ӘШІМЖАН,**  
*Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:*

# ЖАҢА ЗАҢДА ОҢДЫ ӨЗГЕРІС КӨП

— Жанарбек мырза, ұзақ уақыт талқыға түскен заң жобасына ақыры нүкте қойылды. Жаңа заңның артықшылықтары қандай?

— Өзінше мәлім, қолданыстағы «БАҚ туралы» заң 1999 жылы қабылданған. Ішінара ғана өзгертулер болмаса, еліміздің журналистер қауымы күні бүгінге дейін осы құжатпен жұмыс істеп келді. Заң Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жанару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттің мүдделерін, қоғамның сұраныстарын және медиа саласының даму үрдістерін ескере отырып, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңды қайта қарау туралы берген тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді. Біздің қоғамдық ұйым өкілдері жұмыс тобының мүшелерінің тарапынан ұсынылған нормалардың көпшілігін біз депутаттар кейбір жағдайда дауыспен қабылдадық. Үкімет оны бірнеше ай, жарты жылдай сараптама жасады. Жаңа заңның журналистер қауымына ұсынатын жаңалығы аз емес. Жаңа заңға «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және «Теле-радио хабарларын тарату туралы» заңдардың негізгі ережелері енді. Аталған заңдар алдағы уақытта күшін жояды. Жаңа заңда бірқатар тың ереже қарастырылған. Атап айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, интернет-ресурстарды да қамтитын «масс-медиа» деген жаңа әрі анағұрлым кең ұғым енгізілді. Мемлекеттік ақпараттық саясат жүзеге асырылатын бірінші медиа платформа құру көзделген. Оның ішінде мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына гранттар беру, аккредиттеудің оңайлатылған тәртібі арқылы (аккредитация карталарын берудің автоматтандырылған процесі) журналистерді мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тіркеу және басқа да міндеттер қарастырылған. Журналистер үшін қосымша құқықтық кепілдіктер белгіленген. «Журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым енгізілді. Яғни, журналистің құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын олардың ақпарат іздеу, сұрату, алу және тарату кезіндегі, сондай-ақ «Масс-медиа туралы» заңда белгіленген өзге де ерекше құқықтарын журналист мәртебесі деп түсіну керек.

— Жаңа заңда төтенше жағдайларда журналистердің құқықтарын қорғау туралы айтылған. Соңғы уақытта елімізде жиі төтенше жағдайлар болуда. Бұл тұрғыда журналистерге қандай жағдайлар қарастырылған?

— Қазіргі саяси жағдай планетаның көптеген аймағындағы қақтығыстардың жоғары деңгейімен сипатталады. Гибридті соғыстар жағдайында ақпараттың айтарлықтай бұрмалануы кезінде журналист мамандығы өте маңызды. Журналистика — бұл сенімді және тексерілген ақпарат беруді мақсат ететін қоғамдық институт. Төтенше жағдайларда өз міндеттерін атқару кезінде журналистер өміріне үлкен қауіп төндіреді. Дегенмен журналистер жұмыс істейтін БАҚ-тың барлығы өз қызметкерлерін қауіпсіздік техникасымен қамтамасыз ете бермейді. Оған себеп — БАҚ басшылығының жауапкершілікке салғырт қарауы, сондай-ақ үнемдеуге ұмтылуы. Сонымен қатар журналист еңбегінің арқасында БАҚ өзекті ақпарат алып, БАҚ-тың жоғары рейтингке ие болуына мүмкіндік береді. Бұдан былай БАҚ жаңа заңға сәйкес өз қызметкерлерін әлемдік жетекші БАҚ тәжірибесіне сай қажетті қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге міндетті.

— Соңғы уақытта журналистердің құқықтары жиі қорғалмай жатқаны туралы айтылады. Осы ретте заңда көрсетілген журналистердің құқықтарын қорғау бойынша қоғамдық және кәсіби кеңестер құру туралы да айтып өтесіңіз.

— Иә, БАҚ-тың өз қызметін өзі реттеу мақсатында заңда қоғамдық-кәсіптік кеңестер құру көзделген. Кеңестер республикалық және өңірлік деңгейлерде құрылуы мүмкін. Бұл кеңестердің негізгі қызметі — журналистердің Әдеп кодексінен өзінше ерекше мәртебесі елдерде азаматтық қоғамның ролі жеке адамның құқықтарын, сонымен қатар кәсіби мүдделерді қорғауда шешуші рөл атқарады. Журналистикаға журналистердің мүддесін толық жеткізе алатын, қорғай алатын институт керек. Бүгінгі күні кәсіби журналистика желідегі зорлық-зомбылық білдіретін сөздер мен киберкылмыс, жалған ақпарат пен өшпенділік сөздерінің таралуының артуы, цифрлық технологиялардың жылдам өсуі, цифрлық платформаларға

қол жеткізудегі теңсіздік туралы алаңдаушылық туғызатын бірқатар қауіп-қатерге ұшырайды. Журналистердің құқықтарын қорғау мәселесінде бойынша тәуелсіз қауымдастықтың құрылуы туындаған проблемаларды жедел шешуге және мемлекетпен бірлесіп журналистердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету тетіктерін жедел әзірлеуге мүмкіндік береді. Этикалық нормаларды толығырақ сақтайтын біздің ортада көсіби кеңестердің құрылуы осы заң арқылы көрсетілген. Яғни, тек республикалық деңгейде емес, аймақтарда, өңірлерде осы кәсіби кеңестердің құрылуы арқылы этикалық нормалардың сақталуына жол ашылады деген ойдамын.

— Жаңа заңда журналистік этика да қамтылған. Аталған бөлім журналистердің құқығын шектемей ме?

— Жакында қазақстандық БАҚ-қа қатысты аты шулы оқиғалар біркелкі этикалық нормалардың жоқтығына байланысты күрделі проблеманы көрсетті. Дегенмен

тілерінің гранттық қаржыландыру курсына қатысуы оларға фильмдер, телехикаялар, баспа және онлайн өнімдерді шығаруға қажетті қаражатты алуға мүмкіндік береді. Жалпы, бұл шара қазақстандық медиа кеңістігінде отандық контентпен толтырылуын ынталандырады.

— Осы ретте БАҚ-ты мемлекеттік қаржыландыру мәселесі бойынша да біраз талқы болғанын білеміз. Гранттық қаржыландыруға қатысты бірқатар өзгеріс енгізілген сынайы?

— Иә, заң жобасында қазірдің өзінде БАҚ саясатының ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған гранттық қаржыландыру тетігі қарастырылған. Мемлекеттік тапсырысқа, әсіресе жекеменшік, өңірлердегі БАҚ қолы жете бермейтін. Сондықтан арнайы гранттар арқылы өңірлік, мемлекеттік емес БАҚ-ты мемлекеттік қолдауға тең дәрежеде мүмкіндік алуына жол ашылып отыр. Енді жекеменшік бұқаралық ақпарат құралдарына да мемлекеттен гранттар

тәсілі енгізіледі. Сондай-ақ мемлекеттік тілдегі мазмұнға басымдық беру ұсынылып отыр. Сонымен қатар коммуникацияның жаңа әдістерінің дамуын ескере отырып, БАҚ-ты тіркеу тетігі жетілдірілетін болады.

Бұл бастамалардың негізгі мақсаты елдің ақпараттық егемендігін нығайтуға, сондай-ақ отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қажетті отандық контентті дамытуды ынталандыруға бағытталған.

— Аталған құжатта мемлекеттік және мемлекеттік емес БАҚ ұғымдарын ажырату да қамтылған. Бұл қалай жүзеге асатын болады?

— Қазіргі уақытта заң жобасы мемлекеттік БАҚ және мемлекеттік емес БАҚ ұғымдарын нақты бөлуді қарастырады. Мемлекеттік ақпараттық саясаттың мақсаттарын іске асыру үшін мемлекеттік БАҚ әлеуметтік маңызы бар тақырыптардың барлық ауқымын қамтуға, сондай-ақ азаматтық секторды елдегі саяси процестерді шешуге және талқылауға белсенді тартуға бағытталған мемлекеттік тапсырма алады. Қазір мемлекеттік БАҚ медиа сегментінің шағын бөлігін құрайды.

Мемлекеттік емес БАҚ бүгінде Қазақстан Республикасында ақпараттық күн тәртібін қалыптастыруда басты рөл ат-

қарады. Бұл осы мәселеге демократиялық көзқарастың арқасында мүмкін болды. Соған қарамастан, мемлекеттік емес БАҚ-қа әлеуметтік маңызы бар салаларды қамту және өзіндік контентті дамыту үшін қолдау шаралары қарастырылған.

Заң жобасы аясында мемлекеттік және мемлекеттік емес БАҚ-ты бөлу қоғамдық ұйымдар мен БАҚ сарапшыларының ұсыныстары негізінде қарастырылды.

— Қоғамда аккредиттеу картасына қатысты да ұзақ талқылау болған еді. Карта қалай беріледі?

— Қазір журналистер түрлі іс-шараға қол жеткізу үшін мемлекеттік органдарға жүйелі түрде өтініштер мен құжаттарды тапсырып отыруы керек. Алайда кейде бұл процесс ұзақ және бюрократиялық болып табылады. Аккредиттеу картасы цифрлық платформа арқылы беріледі деп жоспарлануда. Бұл алаңда мемлекеттік органдар мен олардың іс-шаралары өтеді, журналистер бір-екі минут ішінде өтініш бере алады. Бұл журналистердің ақпарат көздеріне қолжетімділігін жеңілдетеді.

Мысалы, Данияда пресс-карта түрлі оқиғаны жариялау кезінде оқиғалардың ортасында болуға мүмкіндік береді. Әзілет министрлігінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы № 211 Циркулярына сәйкес полиция кедергілерінен өтуге тек иесінің фотосуреті бар арнайы баспасөз картасын ұсынған журналистер, фототілшілер және тағы басқа рұқсат етіледі.

— Аталған құжатта тағы қандай оңды өзгерістер бар?

— Басты өзгеріс ретінде жоғарыда айтқан «Журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым енгізілгені дер едім. Журналист мәртебесінің ерекше қорғалуы оның сенімділігіне, шығармашылық өркендеуіне ықпал етеді. Қоғамға сапалы әрі интеллектуалды еңбегін ұсынуға мүмкіндік береді. Сондықтан аталған заңдағы бұл норманы оптимистік көзқараспен қабылдау қажет. Ал қоғамның демократиялық эволюциясына журналистің белсенділігі, жалпы азаматтардың белсенділігі артады.

Сонымен қатар журналистер арагидік жапа шегетін жайдың бірі — ақпараттың ескіру мерзімі. «20 жыл бұрын жазылған мақалада ар-ұжданыма тіл тигізгенсің», — деп сотқа беріп жататын жайттар бар. Медиа қауымдастықтың бұл бұйымтайы да ескерілді. Бұған дейін жарияланымдардың мерзіміне нақтылық жоқ болатын. Кез келген 30 жылдың ішіндегі баспасөзге немесе БАҚ шыққан мақалалар бойынша азаматтар сотқа жүгіне алатын. Бір жылға қысқаруының өзі де үлкен, жақсы нормалардың бірі деп айтуға болады. Шындыққа сәйкес келмейтін және азаматтардың ар-намысына, қалып-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді теріске шығару туралы БАҚ-қа талап қою мерзімі бұқаралық ақпарат құралдарында мәліметтер жарияланған күннен бастап 1 жыл деп белгіленген. Яғни, бір жылдан кейін авторды ешкім сотқа бере алмайды.

Сондай-ақ БАҚ-тың сұратуларын қарау мерзімі 7-ден 5 жұмыс күніне дейін қысқартылды. Бұл журналистерге қажетті ақпаратты қысқа мерзімде алуға мүмкіндік береді. Осылайша, ақпараттың өзектілігі сақталады.

Мемлекеттік тілді қолдау мақсатында Ұлттық теле-радио хабарларын тарату мүддесін қорғау мақсатында мемлекеттік тілдегі отандық теле-радио бағдарламалардың апта сайынғы көлемі 50 пайыздан 60 пайызға дейін ұлғайтылды (кезең-кезеңмен көшу тәртібі — 5%, яғни 2025 жылдан бастап 55%, 2027 жылдан бастап 60%). Отандық теле-радио арналарда шетелдік теле-радио бағдарламаларын ретрансляциялау көлемі 20 пайыздан 10 пайызға дейін төмендетілді. Сонымен қатар өз-өзіне қол жұмсауды насихаттайтын ақпаратты, өзін-өзі өлтірудің жолдары мен оған үндейтін ақпаратты таратуға және (немесе) жариялауға тыйым салынады.

— Арнайы уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін алғыс білдіреміз!



“

*Бұл бастамалардың негізгі мақсаты елдің ақпараттық егемендігін нығайтуға, сондай-ақ отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қажетті отандық контентті дамытуды ынталандыруға бағытталған.*

беріледі. Мұндай қолдау отандық контенттің дамуына жол ашады. Отандық өнімнің үлесі артады. Есесіне, шетелдік бағдарламалардың саны қысқарады. Гранттық қаржыландыруға көшуді 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен жүзеге асыру ұсынылады. Өз кезегінде, өңірлік деңгейде мемлекеттік қолдау қолданыстағы тетіктер аясында сақталады. Оны іске асырудың негізгі қағидаттары гранттарды бөлуге мемлекеттің қатысуын қысқарту және барынша ашықтықты қамтамасыз ету, оның ішінде гранттарды іске асыру мониторингі механизмін енгізу болады. Гранттық қаржыландыруды жүзеге асыру кезінде қолданыстағы тарифтік тәсілден сметалық әдіске көшу ұсынылады. Өз кезегінде гранттарды қысқарту (бір оқиға немесе оқиға аясында), ортамерзімді (бір жыл бойы) және ұзақмерзімді (бірнеше жылға, мысалы, тарихи сериалды түсіру үшін) бөлу

олардың физикалық денсаулығына да зиянды әсер етуі мүмкін, айла-шарғы жасау құралы, сондай-ақ агрессивтілікті дамыту тәсілі болуы мүмкін.

Соңғы 15-20 жылда қоғамда болып жатқан күрделі әлеуметтік-экономикалық процестер жағдайында отбасы мен мектептің тәрбиелік функциялары айтарлықтай төмендеді. Балалармен қарым-қатынас ата-аналар үшін екінші орынға шығады. Осыдан келіп өскелең ұрпақтың әлеуметтенуі мен дүниетанымының қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы күшейе түсті. Көбінесе ата-ананы алмастыратын БАҚ болжау немесе түзету әрқашан оңай бола бермейтін нәтижелер береді. Осыны ескере отырып, уәкілетті органның зиянды ақпаратты анықтау және оның таралуына жол бермеу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жасау құзыреті болуы қажет.



Кәсіби мереке қарсаңында негізгі нысанаға өзімізді алатынымыз екібастан. Осы ретте Internews ұйымының сәуір айында жариялаған зерттеу нәтижесі көптен көкейде жүр еді. Соны сөз етудің сөті енді түскендей. Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан мемлекеттерінде медиатұтыну нарығы мен медиасауаттылық деңгейіне жүргізілген әлеуметтік зерттеу өзімізді тануда көп нәрсеге көзімізді ашқандай болды. Ондағы шындықты осы саладағы бірер әріптеспен сараптап көрген едік.

# БАҚ: ТАҢДАУ. СЕНІМ. ПӘРМЕН.

шопинг пен цифрлы валюталарды сатып алуға, әсіресе әуес екені анықталған. Ал онлайн-петиция жасау, заңнамаларды талқылау сынды тағы да басқа азаматтық белсенділік қай мемлекетте де сылбырлау.

Үш көршінің онлайн-коммуникациядағы ең көп қолданатын қосымшалары — Instagram әлеуметтік желісі, Telegram мессенджер және YouTube видеохостинг болып отыр. Соның ішінде Қазақстан мен Тәжікстанда Instagram, Өзбекстанда Telegram көп пайдаланылады. Одан бөлек, біздің елімізде TikTok үлкен танымалдыққа ие.

Енді қай БАҚ-қа сенім көбірек деген талдауға келсек, теледидар жетекші орында қалып тұр. Онда да тәжіктер (77%) мен өзбектер (57%) көбірек сенеді. Қазақстан (36%) телевидениеге сенбейді. Интернетке де сенетіндердің қарасы (23%) төмен. Осы екі көрсеткішке қарап, мүлдем сенбейтіндердің қарасы (17%) көп пе деп қаласын.

Ал бұқара халық меншік түріне қарап қай ақпарат құралына көбірек сенеді дегенге келер болсақ, үш елде де мемлекеттік БАҚ сенім басым. Десе де, көршілеріне қарағанда Қазақстанда ол сенімнің деңгейі өте төмен.

атап жүрген атакты адамдардың өмірі қатты қызықтырады. Қандай да бір өсек ақпарат шықса, біреудің жеке басындағы махаббат дүниесі, төсек мәселесі, жеке сенімдері жазылса, сол материалдар өте жақсы оқылады, өте жақсы талқыланады екен.

«Осы тұста байқағаным, мен де бір ақпарат құралының иесімін, сол өзімнің өнімдерімді шамам келгенше кәсіби журналистиканың стандарттарына сай, сапалы және жоғары деңгейде дайындауға тырысамын. Бірақ өкінішке қарай, бұл ақпараттар өтпейді. Тіпті, оларға таргет жасаған күннің өзінде талқылануы, лайк жинауы, сол арқылы сайтқа адамдардың келуі өте төмен. Өйткені біздің оқырманның қалауы өздерінің ауылдарындағы проблемалар, өздерінің манайында болып жатқан түрлі саяси-экономикалық өзгерістер емес. Олар оған мән бермейді. Керісінше, шоу-бизнес өкілдері бар, блогерлер бар, солардың айналасында топтасып, солардың ақпаратын тұтынады. Сондықтан да олардың айтқандары мен істеген істерін біздің ресми медиа да көшіріп басуға мәжбүр. Өйткені біздің Мәдениет және ақпарат министрлігінің де талап етіп отырғаны «просмотр». Ал

жасаған зерттеуінде сол уақыттарда саяси-әлеуметтік контент өте көп болған екен. Олар прайм-таймда қойылған. Ал қазір, яки 2000 жылдардан бері қарай, көңіл көтеретін ақпараттар беру белен алған. Мәселен, түскі 2-ден кешкі 6-ға дейін «Қалауымды» беру кімге керек? Ол қандай мақсат? Бір ескеретіні — бұл сіз бен біздің қалтамыздан төленіп жатқан ақшаға жасалып жатқан дүние ғой. Ал біздің салығымыздың ақшасына осындай контент жасау біздің телеарналардың, ақпарат құралдарының өкілдерінің де арына сын дер едім», — дейді журналист Есенгүл Көпқызы.

Әріптесіміздің қазақстандықтардың сыни ойлау деңгейі өте үлкен проблема деуінің жөні бар. Себебі олар әлеуметтік желіде айталған кез-келген әңгімеге сенеді. Соның салдарынан көптеген проблема туындап жатыр. Мәселен, шоу-бизнес өкілдері, «селебритилар» қажылыққа жолдама, автомобильдер сынды түрлі ұтыс ойындарын ойнатты. Бұлардың бәрі соңында алаяқтық болып шықты. Сонда да болса алданушылар қатары сирер емес. Одан бөлек, адамдармен сөйлескенде байқалатыны, олар қоғамды, саясатта, экономикада болып жатқан жаңалық-



жағдайды жұртшылықтың медиасауаттылық деңгейінің төмендігінен көруге болады. Себебі соңғы 15 жылда жүргізілген ақпараттық саясат сондай болды ма, телеарналар эфир уақытын сериалдармен, дорамалармен толтырды, 24 сағат ән мен күйге ғана арналған телеарналар мен радиолар пайда болды. Осылайша, мінбер іздеген халық әлеуметтік желілерге көше бастады. Мұнда да билік өкілдерінің қитұрқылықтары жалғасып, контенттік үлесте ойын-сауықтық сипат басым боп шықты. Осылайша, дәстүрлі БАҚ-тың дәуірі өтіп, электронды БАҚ өзі мүмкіндігін толық паш ете алмады деуге болады. Оған халықтың медиасауаттылығының төмендігі өз әсерін тигізді.

«Бүгінде біздің халқымыз екіге бөлініп кеткенін жоққа шығаруға болмайды. Ол — билік және қара бұқара. Бір қызығы оңтүстікте билік өкілдері де, қарапайым халық та әлеуметтік желіге көбірек жүгінеді. Әсіресе, оның ішінде Facebook-ке. Мысалы, қазір газеттерде немесе телевидениеде ауданның әкімін сынасаңыз, ол оған қиналмауы мүмкін. Ал Facebook-те әшейін ғана «өкшесі қисық» деп жазса салсаңыз, анау соған өліп қала жаздайды. Қазақстанның басқа жерлерінде қалай екенін қайдам, біздің өңірде әлеуметтік желілер патшалық құрып тұр. Бірақ бұл жерде әңгіме қалай айтуға, қалай жеткізуде болу керек сияқты.

Мәселен, биліктің өкілдері қазір осыдан 10 жыл бұрынғы билік өкілдері сияқты емес. Олар әбден кәсіби тұрғыдан төмендеп кеткен. Сол себепті де олар әлеуметтік желіде кім не айта, елестете қалады. Ал бұрынғы өкімдер ондай ресми емес әңгімеге бұрылып та қарамайтын. Қазір билік сұмдық қорқақ болып кеткен. Көп өкімдер жақсы мен жаманды ажырата алмайды. Мысалы, кәсіби журналистердің газет бетінде, басқа жерлерде кәсіби тұрғыда айтып жатқан әңгімелеріне пысықырып та қарамайды», — дейді «Оңтүстік Қазақстан» газетінің директоры, бас редактор Абай Балажан.

Оның айтуынша, Президент бастама көтеріп айтып жүрген, жайылымдық жерлерді қайтару мәселесін бірінші көтерген «Оңтүстік Қазақстан» газеті екен. Осы проблеманы қоғамдық пікір деңгейіне дейін көтеріп, ақырына дейін жеткізген. Кейіннен әлеуметтік желіде бұл тақырып белен алғаннан кейін, алғашқы бастамашылар елестіріп қалған. Ал шындығында оңтүстік өңірде жайылымдық жер тапшы, жергілікті жұрт малын баға алмай отыр. Ондай жерлер не сатылып кеткен, не егістікке айналған. Одан кейін олар «Қазақстан мектептерінде ер мұғалімдер аз» деген мәселені көтерген. Ал мұның бала тәрбиесіндегі орны ерекше. Ер азаматтардың мұғалім болмайтын себебі айлық аз. Ол кезде «Мұғалім мәртебесі туралы» заң жоқ еді. Осы бастамадан кейін бұл мәселе Президент деңгейінде назар аударыла бастаған. Абай Балажан осы мәселелер ең бірінші кезекте әлеуметтік желі емес, газет арқылы көтерілгенін айтады. Оның пәрменділігі де осында.

«Бірақ осыны өкімдер әлі күнге түсінебейді. Олар оны оқыған да болмауы мүмкін. Ал біздің бастамамыз қоғамдық айналымға шығып, мемлекеттік деңгейдегі күн тәртібіне айналды. Десе де өкімдер газет оқымайды, телевизор қарамайды. Есесіне фейк аккаунт ашып алады да, әлеуметтік желіде отырады. Барлық өкім сондай. Сөйтсе де өзін блогерміз деп жүргендерді өзі туралы қоғамдық пікір қалыптастыру үшін жалдайды. Ал олардың шындығын айтқанда, мектеп деңгейінде білімі жоқ. Екі сөздің басын қосып жаза алмайды, сауатты сөйлей білмейді. Міне, сондайларды билік көтермелеп, түрлі шараға тартып, қоғамның «қаһарманы» қылып шығарады. Ал ондай блогерсымақтардың жағанын оқысаң қате-қате, сөйлеген сөзі түсініксіз. Әңгімелесіп көрсен, бір-жарым минут сөйлесе алмайсың, өткені деңгей жоқ. Сол жүрісімен түрлі қоғамдық кеңестің, тіпті Ұлттық құрылтайдың мүшесі. Сөйтіп, оларды өзін мақтауға да, біреуді қүстаналауға да пайдаланады. Ондай блогерсымақтардың артында қазір не өкім, не ҰҚК, не финпол тұруы мүмкін», — дейді ол.

Оның айтуынша, өкімдер идеологияны әлеуметтік желі деп түсінеді. Міне, соның арқасында ұлттық идеологияны осындай блогерсымақтар жасап тұр. Басқа-басқа оңтүстік өңірдегі — жағдай осындай. Бұл — әлеуметтік желінің күші. Оның әрине өз талаптары, өз заңдылықтары бар, ол жерде өкімнің ойын жеткізе алады. Тіпті, ресми медиа, сайттар, телеарналар және тағы да басқа ресми медианың өзі де өздерінің өнімдерін тарату үшін әлеуметтік желіге жүгінеді. Сондықтан да әлеуметтік желіде сен қаншалықты белсенді болсаң, қаншалықты оның алгоритмдерін жақсы білсең, оқырманға тікелей жол таба аласың. Ендеше ендігі дәуір — интернетте, оның ішінде әлеуметтік желілердің пәрменділігінде.

Нұрлан ҚОСАЙ

## ТЕЛЕВИДЕНИЕ — НЕГІЗГІ АҚПАРАТ КӨЗІ

Сонымен ол зерттеуге сүйенсек, телевидение Орталық Азияның үш мемлекетінде де негізгі ақпарат көзі болып қалып отыр екен. Интернеттің танымалдылығы кен болғанымен, оған деген сенім әлі де болса төмен. Осы ретте зерттеуші-сарапшылар бұл мемлекеттердегі халықтың медиасауаттылығы орташа және одан төмен екенін айтады. Зерттеу 2019-2023 жылдар аралығында бес жылға созылған, онда да нысаны ретінде 2019, 2021 және 2023 жылдардағы көрсеткіштер мен сауалнама жауаптары алынған. Медиатұтыну және медиасауаттылық деген екі бөліктен тұратын зерттеудің бізді көбірек қызықтырғаны бірінші бөлімі болды. Яки, үш көрші мемлекеттің халқы қай БАҚ-ты көбірек таңдайтыны, яки тұтынатыны және сенетіні назарымызды аудартты. Мәселен, Қазақстан мен Өзбекстанда әлеуметтік желілер анағұрлым маңызға ие болса, телевидение әлі де болса ықпалын сақтап қалып отыр, онда да, әсіресе аға буын арасында. Ал Тәжікстанда болса, әлеуметтік желілер, тіпті газет-журналдарға есе жіберіп, танымалдығы кем ақпарат көзі болып отыр. Мұнда телевидение бұрынғысынша барлық жас санаты үшін кең танымалдылыққа ие. Осы реттен алғанда телевидение Орталық Азия үшін негізгі БАҚ болып қалып отыр. Енді қарау жиілігіне келер болсақ, тәжіктердің 76%-ы күнде көреді екен, ал өзбектерде бұл үлес — 60% болса, қазақстандықтардың жартысынан астамы теледидар қарамайды — 41%. Контенттер бойынша сараласақ, көрермендердің көбіне көретіндері — жаңалықтар мен ойын-сауық бағдарламалары, онда да шетел жаңалықтарынан гөрі жергілікті жаңалықтарды қолай көреді екен.

Енді интернетке келер болсақ, қазақстандықтардың 82%-ы оны күндегісін күнде пайдаланады, өзбекстандықтар — 63%, тәжікстандықтар — 40%. Контенттегі таңдау білдіру жағынан да жаңалықтар мен ойын-сауық жанры — бірінші орында. Соның өзінде де, интернет арқылы теледидар бағдарламалары көбірек қаралады. Бұл жоғарыда айтқандай, телевидение негізгі БАҚ боп қалып отырғанын нақтылай түседі. Одан кейінгі орында — әлеуметтік желілер. Оған Қазақстан мен Тәжікстан халқы көбірек үйір екен. Оған қоса, қазақстандықтар онлайн-

## ХАЛЫҚ ОЙЫН-САУЫҚ КОНТЕНТІН КӨБІРЕК ЖАҚСЫ КӨРЕДІ

Жоғарыда сөз еткен зерттеудің желімізге белгілі журналист, minber.kz сайтының иесі Есенгүл Көпқызымен талдағанымызда, әріптесіміз қазақстандықтардың арасында белгілі бір БАҚ емес, контенттік таңдау басым екенін айтады. Әсіресе, қазақ тілді ақпаратты тұтынушылардың басым көпшілігі ойын-сауық, көңіл көтеру бағыттағы контенттерді жақсы көреді, көп оқиды, көп талқылайды. Мәселен, шоу-бизнес өкілдері, «селебрити» деп

оны біз немен жинаймыз, осындай өсек ақпаратпен ғана жинаймыз. Ал тұщымды, сапалы ақпараттар өкінішке қарай, жоғары «просмотр» жинай алмай отыр», — дейді ол.

Оның айтуынша, Internews жүргізген зерттеуде ресми БАҚ ішінде телеарналардың тұтыну деңгейі жоғары деңгейде болуы, ауылдық жерлердегі тұрғындардың қалауынан болуы мүмкін. Қазақстандықтардың жартысы ауылда, жартысы қалада тұрады десек, ауылдықтардың таңдауына қаладағы үлес қосылып, телевидениенің қаралымын арттырып тұр. Бірақ телеарна негізгі ақпарат көзі болған күннің өзінде де, оны көрушілер саны біртіндеп-біртіндеп азайып келе жатыр. Ал әлеуметтік желілерді қараушылар саны көбейіп келеді. Мұның себебі интернет бізде өте арзан әрі қолжетімді. Кез келген сәтте интернетке кіру мүмкіндігі бар. Әлеуметтік желіден парақша ашу тек 18 жастан бастап деп айтылғанымен, оған жасөспірімдер де кіріп алған. Мәселен, Instagram-да сіздің жасыңызды сұрамайды, телефоныңыз бен интернет болса болды. Сондықтан жеңіл контент талап ететін адамдарға, әлеуметтік желілердің контенті өте өтімді.

«Екіншіден, біздің адамдарда ойланғысы келмейтін тенденция бар. Әлде біз осыны әлейі қолдан жасалдық па білмейміз? Әйтеуір сыни ойлау деген жайт қазір үлкен проблемаға айналып бара жатқан сияқты. Мәселен, осы Internews-тің 90-шы жылдардың басында



Енді интернетке келер болсақ, қазақстандықтардың 82%-ы оны күндегісін күнде пайдаланады, өзбекстандықтар — 63%, тәжікстандықтар — 40%. Контенттегі таңдау білдіру жағынан да жаңалықтар мен ойын-сауық жанры — бірінші орында. Соның өзінде де, интернет арқылы теледидар бағдарламалары көбірек қаралады. Бұл жоғарыда айтқандай, телевидение негізгі БАҚ боп қалып отырғанын нақтылай түседі.



тарды айтқаннан бұрын шоу-бизнес өкілдерінің өмірін әңгіме қылғанды жақсы көреді. Олардың бір-бірімен ерескені де, жұп болып жүргені де, үйленгені де, ажырасып кеткені де қызық. Сондықтан да жұртшылық қазір әлеуметтік желілердегі ақпараттарға көбірек сенеді. Бұл — өте өкінішті жайт!

## ӨКІМДЕР ГАЗЕТ ОҚЫМАЙДЫ, ТЕЛЕВИЗОР ҚАРАМАЙДЫ

Елімізде бүгінде қоғамдық ақпараттық кеңістікте қалыптасып отырған





# ОҚЫРМАН БАР, ГАЗЕТ ЖОҚ

**Жыл сайын жазылу маусымы басталған тұста БАҚ басылымдарының кездесетін проблемасы – осы. Газетке жазылған оқырман уақытымен газетін ала алмайды. Қызметі үшін ақша алып отырған «Қазпошта» мәселені көрсе де, білсе де көрмеген кейіп танытады.**

Баян ЖАНҰЗАҚ

Аз болсын, мейлі көп болсын, баспасөзге жазылған оқырман бәрібір қолына газет-журналды алуға тиіс. Бірақ көп жағдайда олай бола бермейді. Неге?

Оқырман қолына жетпей отырған қалың баспасөздің қатарында Аіқу газеті де бар. Былтыр Аіқу демеушілік көмекпен бір ғана Атырау бойынша 20 ардагерді газетке жаздырған болатын. Бір ай, үш ай емес, бірден бір жылға! Бірақ үйінің мекенжайы толық көрсетілп, ақысы 100 пайыз төленгеніне қарамастан, бірде-бір ардагеріміз былтыр газетті ала алмады. Олардың қатарында белгілі ғалым Шахман Нағымов, ардагер журналистер Меңдібай Сүмесінов, Төлеген Жанабаев, Бағдай Супьянова бар.

Атайман Тасымұлы – газетке шын берілген оқырманның бірі. Ол 50 жылға жуық уақыттан бері газетке жазылып, оқып келеді. Бірақ соңғы жылдары жазылған газетінің қолына тимеуі байырғы оқырманға оңай болып тұрған жоқ.

«Өзімнің туып-өскен жерім – Қызылқоға ауданына қарасты Сағыз селосы. Ауылда жүргенімде «Қызылқоға», «Атырау», Egemen Qazaqstan, Ana тілі газеттеріне жазылатынымын. Сол кездің өзінде ауылға бір аптаның газеті жинақталып, бір келетін. Алты жылға жуық уақыттан бері Атырау қаласында тұрып жатырмын. Қала маңындағы Қайыршақты селолық округіне қарасты Ақсай 2 ауылында тұрамын. Қалаға келгелі тұрақты түрде «Атырау» және Аіқу газеттеріне жазылып отырмын. Бірақ бірде-бір рет қолыма газет тиген емес.

Осы уақытқа дейін ауылдағы «Қазпошта» бөлімшесіне өзін барып, газеттердің нөмірлерін алып кетіп жүрмін. Газеттің неге үйге жетпейтінін сұрасам, тасымалдаушы пошташылар жетпейтінін айтады.



Өз басым газет оқығанды жақсы көремін. Қазір интернеттің заманы дегенімізбен, жаңалықтарды теледидардан тыңдаймын. Газеттен сараптамалық мақалалар оқығанды жақсы көремін. Әсіресе, жол жүрген уақытта газетті оқығанның ерекше сезімін жеткізе алмаймын. Сондықтан елдің бәрі газетті ысырып, оқымай, жинап қойды дегенге келіспеймін», – дейді еңбек ардагері, газеттің байырғы оқырманы Атайман Тасымұлы.

Ардагер журналист Нұрлан Қабыловтың айтуынша, газеттің ақылы электронды таралымын ұйымдастыруда қолға алу қажет.

– Бұл амал газет үшін тиімді болса, оқырманға пайдалы. Қазір тіпті аға буынның арасында күнделікті газетті телефонынан оқығанды жөн көретіндері бар. Сондықтан қалай болғанда да газет таралымының кемуіне интернетті кінәлап отыра беруге болмайды, уақытпен бірге, оның қойып отырған талаптарымен бірге алға басу керек, – дейді ардагер журналист.

Газет неліктен бар оқырманға жетпейді? Оқырмандардың апталап емес, жылдап газет ала алмауына не себеп? Біз бұл сұрақты «Қазпошта» АҚ Атырау облыстық филиалы директорының орынбасары Гүлмира Аюповаға қойдық.



*Бірақ басылымды күтіп отырған оқырманға газет-журнал жеткізудің балама жолын таппасақ, «Қазпошта» жыры бітпеуі мүмкін.*



Алайда филиал өкілі «газет жетпей жатыр» дегенге келіспеді.

«Бір ғана Атырау қаласы бойынша газет-журнал таратуға 56 адам жұмыс істейді. Олардың жұмыс уақыты – дүйсенбі-жұма аралығында. Сенбі күні жарты күн жұмыс істейді. Қазір пошташы позициясы 5 учаске бойынша ашық тұр. Бірақ бұл бос орындарды қысқа мерзімде жабамыз деген үміттеміз» деп қысқа қайырды «Қазпошта» АҚ Атырау облыстық филиалы директорының орынбасары Гүлмира Аюпова.

Бірақ басылымды күтіп отырған оқырманға газет-журнал жеткізудің балама жолын таппасақ, «Қазпошта» жыры бітпеуі мүмкін.

Айтпақшы, осы тақырыпты зерттей отырып, «Қазпошта» үшін газет-журналдарды оқырман қолына жеткізу құнының

қымбатқа түсетінін біліп алдық. Осы тақырыпта БАҚ саласындағы әріптестерімізге түсінік берген «Қазпоштан» баспасөз қызметі ашық мәлімдеме жасағанын көрдік.

«Қазпошта» қызметкерлері газет-журналдарды жеткізу кезінде домофондарды орнату салдарынан кіреберістер мен үй маңындағы аумақтарға кіре алмайды, аталған жерлерде пошта жәшіктерінің болмауы да қиындық туғызады. Газет-журналдарды жеткізу қызметі тиімсіз, ол баспа басылымдарын тасымалдау, жеткізу шығындарын жаппайды. Қоғамның отандық мерзімді басылымдарды таратуға тарифтері 2017 жылдан бастап көтерілген жоқ, себебі тарифтердің өсуі оқырмандар үшін газет-журналдар құнының өсуіне алып келеді. Бұл өз кезегінде тарифтердің қолданыстағы деңгейінде де теріс дина-

микадағы отандық баспасөз басылымдарының таралымын төмендетеді», – делінген «Қазпоштан» баспасөз қызметі тартқан мәліметте.

Сонғы деректерге сенсек, «Қазпошта» қала және ауылдық жерлерде 1 300-ден астам газет-журнал таратып отыр. Алайда «Қазпошта» цифрлы заманда газет-журналдарды жеткізу құны тіптен қымбаттай түсетінін алға тартудан жалықпай отыр.

Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіптің айтуынша, газет таралымы мәселесінің артына үңілсек, үлкен мән жатыр. «Оқу мәдениетін сақтап қалу үшін де газет таралымына назар аударуымыз керек», – дейді депутат.

«Негізі, құстың қос қанатындай – дәстүрлі басылымдар да, әлеуметтік желі де қатар дамыса, жамандығы қайсы? Адамдарға таңдау мүмкіндігін беру керек. Газет оқып үйренген газет оқысын. Интернетке арқа сүйейтіндер интернетімен бола берсін. Заман, уақыт бәрін реттейді. Ал газет оқыту үшін балалар басылымдарына мемлекеттік қолдау керек. Көптеген Еуропа елінде 18-ге дейінгі жасөспірімдерді қалаған басылымдарға жаздыртып береді. Біздің елде де сондай үрдісті қолға алу керек. Жас кезінен өздеріне арналған басылымды оқып үйренген жеткіншектер есейгенде қажет газет-журналдарды оқитын болады. Тек әлеуметтік желідегі ақпаратқа арқа сүйеу – ұлттың өрісін тарылтады. Сондықтан 100 жылдан бері қалыптасқан оқу мәдениетін сақтау керек», – дейді депутат.

Қалай десек те, газет-журналға раритет, көненің көзі деп қарауға болмайды. Біздің елімізден дамуы айтарлықтай алға кеткен Америка, Жапонияның өзінде әйгілі газеттер үлкен таралыммен әлі күнге дейін шығып жатыр. Баланы мектеп жасынан оқу мәдениетіне баулып отырған Америка, Жапон халқының ғылым-технологиялық даму саласында айтарлықтай алда тұруының бір себебі – оқу мәдениетінің қалыптасуында жату да мүмкін. Сондықтан газет-журналға «ескінің сарқыншағы» деп қарауды қойып, оның таралымын реттеудің тиімді тетіктерін Үкімет деңгейінде қарағандымыз дұрыс. Сұраныс бар жерде оқырман саны артады. Ал қалың оқырманның газет-журналды уақытылы қолына алуы туралы тілегі – мемлекет тарапынан ескерусіз қалмайды деп сенеміз. Қазақ баспасөзінің тынысы кеңейіп, таралуына «Қазпоштадан» бұрын мемлекеттің көмегі керек!

Атырау облысы



## АКАДЕМИКТЕР САЙЛАНДЫ

**Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академиктерін сайлау жөніндегі конкурс аяқталды.**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №223 бұйрығымен бекітілген ҚР Ұлттық ғылым академиясының академиктерін сайлау қағидаларына сәйкес академияның жалпы жиналысы өтіп, оның шешімімен ҰҒА академикалары сайланды.

Атап айтсақ, «Өмір және денсаулық туралы» ғылымдар бөлімшесі бойынша («Медицина және денсаулық сақтау» бағыты бойынша) профессор, нейрохирургия саласындағы жетекші ғалым, «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ басқарма төрағасы Серік Ақшолоқов және профессор, көмекші репродуктивті технология саласындағы жетекші ғалым, PERSONA халықаралық клиникалық репродуктология орталығының жетекшісі Вячеслав Локшин ҰҒА академигі болды.

Сонымен қатар «Жер, ғарыш және коммуникациялар туралы» ғылымдар

бөлімшесі бойынша («Жаратылыстану ғылымдары», «Инжиниринг және технологиялар» бағыттары бойынша) профессор, радиациялық материалтану, мембраналық технологиялар және нанотехнологиялар саласындағы жетекші ғалым, Энергетика министрлігінің «Ядролық физика институты» ШЖҚ РМК Астана филиалының директоры Максим Здоровец, профессор, плазма физикасы және плазмалық нанотехнологиялар саласындағы жетекші ғалым Тілекбабыл Рамазанов, қауымдастырылған профессор, математика саласындағы жетекші ғалым Дурвудхан Сураган және профессор, ҚР ҒҖБМ ҒК «Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты» ШЖҚ РМК өсімдіктер генетикасы саласындағы жетекші ғалым Ерлан Тұрысбеков Ұлттық ғылым академиясының академикалары болып сайланды.

## ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ – ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ҚАУІПТІ АТТРИБУТЫ

**«Денсаулыққа қауіпті» деген ескертуге қарамастан, елімізде шылым шегушілер қатары жыл сайын көбейіп келеді. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстан халқының темекі тұтыну үлесі 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 29-38 жас аралығындағы топтарда артқан. Шылымға құмар азаматтар жылына 8 миллиардтан 10 миллиардқа дейін темекі тартады екен. Осыдан он жыл бұрынғымен салыстырғанда, яғни 2013-2015 жылдар аралығында олардың қатары 44%-ға өскен.**

Тілегүл ЕСДӘУАЛЕТ

Мемлекет тарапынан темекімен күрес саясаты тұрақты түрде жүзеге асып келеді. Мәселен, арыға бармай-ақ он жыл бұрынғы статистикаға сүйенсек, 2014 жылғы алкоголь мен шылымға қарсы шаралар үшін 200 миллион қаржы қарастырылған. Денсаулық сақтау министрлігінің ақпаратына сәйкес, осыншама сома темекінің зиянын хабарлау, оның алдын алу, қоғамдық орындарда темекіге деген теріс көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар 2021 жылғы 1 шілдеде Қазақстанда темекі мен темекі бұйымдарын ашық орналастыруға тыйым салу күшіне енді. Жаңа шектеулер аталған тауарлар сатылатын барлық сауда нүктесіне қатысты. Жаңа заң бойынша сауда нүктелерінің иелеріне темекі мен басқа да темекі бұйымдарын ашық қоюға тыйым салуды бұзғаны үшін 180 мыңнан 1 миллион теңгеге дейін айыппұл қарастырылған. Бұл ретте, айыппұл мөлшері кәсіпорынның мөлшеріне байланысты: жеке тұлғалар үшін айыппұл – 15 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін – 30 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілері үшін – 50 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін 70 АЕК құрайды. Бұл шаралар темекі эпидемиясымен күресу және халықты, әсіресе жастарды жаман әдеттерден қорғау мақсатында қабылданған. Сондай-ақ темекіге қарсы саясат аясында темекі өнімдерін жарнамалауға және көмелетке толмағандарға темекі сатуға қатаң шектеулер енгізілді. Қазақстан темекі шегудің зиянына назар аударуға бағыт-



талған іс-шаралар мен нақандар өткізу арқылы «Дүниежүзілік темекісіз апта» сияқты халықаралық бастамаларды белсенді қолдайды.

Бірақ тыйым салу мен темекінің зияны туралы насихат жұмыстарының тұрақты жүргізілуіне қарамастан, елімізде ересек тұрғындардың шамамен 27%-ы белсенді темекі тартады. Бұл елдің әрбір үшінші тұрғыны темекі тұтынатынын білдіреді. Сәйкесінше, Қазақстанда шамамен ерлердің 36%-ы, әйелдердің 19%-ы шылым шегеді.

Шылым шегу әркімнің жеке басының шаруасы болғанымен, олардың қандай темекі өнімдерін тұтынып жүргені алаңдатарлық мәселе болып отыр. Биыл қаңтардан бастап бизнесті тексеруге тыйым салатын мораторийдің күші жойылды. Сонымен қатар Үкімет бекіткен «Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары»

аясындағы темекі контрабандасына қатысты қаламдар биыл да жалғасалды. Заң шеңберінде құзырлы органдар заңсыз темекі сатушыларды тексеріп, сөрелердегі контрабандалық темекіге тыйым салады.

Дүниежүзінде адам өлімінің ең көп тараған себептерінің ішінде бірінші орында қан қысымының жоғарылауынан болатын өлім (10,8 млн адам), ал екінші орында темекі шегуден қаза болатындар (7,7 млн адам) тұрады. Пассивті темекі шегудің салдарынан әлемде 1,3 миллион адам қайтыс болды. Сонымен қатар соңғы жылдары электронды темекі таратқындар қатары көбейген. Бұл бу генераторы, буландырғыш немесе вейп – темекінің орнына арнайы сұйықтық картридждерін қолданатын электронды құрылғы. Темекі

шегу процесінде сұйықтық қыздырып, ал темекі шегетін адам оның буын жұтады. Өндірушілер электронды темекінің түтіні қауіпсіз екенін, ал құрамындағы заттар тәуелділік туғызбайтынын айтады.

Алайда дәрігерлердің айтуынша, қазірдің өзінде электронды темекі тәуелділіктің қауіпті атрибутына айналған. Мамандар пропиленгликольді үнемі қолдану аллергиялық реакциялардың пайда болуына, өкпенің созылмалы ауруларына және ісік сездің жоғалуына әкелуі мүмкін деген пікірді алға тартады. Электронды темекіде буланатын глицерин бар. Бумен тыныс алғанда, адамның аузы құрғап, жөтел қысып, тамақ пен өкпеде қабыну процесі болуы мүмкін деген пікірді алға тартады. Темекінің классикалық нұсқасында көпшілікке таныс никотин вейптерде де бар, ол тәуелділік тудырады. Темекі шегудің қауіпсіз түрі жоқ. Классикалық темекі де, электронды темекі де денсаулыққа зиян.



Болашақта тегін адам болмайтын жанның қасиеттері бала күнінен байқалатынын өмірден көріп жүрміз ғой. Қазіргі журналист, ғалым Мұратбек Токтағазинның де «көптің бірі» болмайтыны оқушы кезінен байқалыпты. Оны өзінің курстас әріптесім Камалхан Балқыбекқызынан да шетжағалап білгенмін. Студент кезімізде курстастар бас қосқан дастарқанда әрқайсымыз отбасы, әулетіміз туралы еңгіме тиегін ағытатынбыз. Сонда Камалхан ҚазМУ-дың журфагында оқитын бауырының табиғи қасиеттерін оқушы кезінен бастап айта бастайтын. Кейіннен танысқанымызда ол туралы өз аузынан еститін болдық. Одан бері де 40 жылдан асып кетіпті.

Мұратбек 1-7 сынып аралығында сыныбының старостасы болыпты. 6-класстан бастап аудандық, облыстық, республикалық газеттерде ауыл, мектеп өмірінен жазылған макалалары үздіксіз жарияланып жатыпты. 8-10 сыныпта оқып жүргенде Октябрь орта мектебі комсомол комитетінің секретары ретінде қоғамдық жұмыстың қазанын қайнатқан. Жас тілші ретінде қолында Аяғөз аудандық «Алға», облыстық «Семей таңы», республикалық «Қазақстан пионері» газеттерінің «штаттан тыс тілші» деген куәліктері болған. Арасында «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас алаш») балғын көңілден шыққан шағын

Қазақ руханиятының қара нары, ғалым ағасы Акселеу Сейдімбек пен облыстық «Коммунизм нұры» газеті редакторының бірінші орынбасары Жомарт Әбдіхалықтың арнайы шақыруымен сол кездегі Целиноград облыстық газетіне қызметке келуде жеке бір әңгімеге арқау болар еді. Өйткені ҚазМУ-ды бітіру қарсаңында оған қазақ баспасөзінің қара шаңырағы «Социалистік Қазақстаннан» қызметке келуге ұсыныс түседі, дипломдық жетекшісі атақты профессор Тауман Амандосов аспирантураға қалуға кеңес беріп, өзі ғылыми жетекші болатынын айтады. Алайда журналистикаға құмар



# ҚАЙРАТКЕР. ҚАЛАМҒЕР. ҒАЛЫМ

материалдары жарық көрген. 7-10 сыныпта мектептің бес метрлік «Жас қалам» қабырға газетінің редакторы болып, өзі ойлап шығарған «Ресми жаңалықтар», «Мектеп мақтаншы», «Әзіл-оспақ әлемі», «Ой-өрім», «Кіріп» сияқты айдарлармен шығарған материалдарын үзіліске шыққан ұл-қыздар топтаса тұрып оқитын болған. Әсіресе, «Кіріп»-ге ілігіп кетеміз бе деп кейбір ерке, тентек балалар көдімгідей айылдарын тарта жүріпті. Сыныптастары Тикын атап кеткен Серік Мұқанов деген бір сыныптас досы «Кіріп» топтамасына топ ете қалыпты. Ақкөңіл Серік күні бүгінге дейін бұл өлеңді Мәкен маған арнап шығарған деп айта жүреді екен:

«Мынау біздің Тикын,  
Қарашы өзінің сиқын,  
Оқы десе сабақты,  
Тыржитады қабақты».

Бұл енді бала редактордың журналистикаға ұмтылысының тырнақалды көрінісі деуге әбден болады. «Кішкентай газеттегі» кейбір айдарлар күні бүгінге дейін өзекті. 7-класстағы оқушы — редактор үшін бұл енді көп-көрім жетістік, шығармашылық ізденіс жемісі деп ауыз толғарып айтуға болады. Ол аз десеңіз, 8-класста жүргенде аудандық комсомол комитетінің мүшесі ретінде Пленумда сөз берілгенде ол комсомол ұйымы ұлттық құндылықтарды насихаттауда белсенділік танытуы, қазақтан шыққан ақын-жазушылардың шығармашылығын насихаттау арқылы жас ұрпаққа тәрбие берудің өзекжарды мәселелерін көтерген. Ол үшін орта мектептер кітапханаларына Абайдан бастап қазақ классиктерінің кітаптарын көптеп алдыртуды айтқан. Сонымен қатар белгілі қаламгерлердің танымал туындылары бойынша әдеби кештерді жиі өткізуді, оған Ергазы Рахимов сияқты жергілікті ақын-жазушыларды тарту, жас ақындарды қолдау бойынша аудандық комсомол комитеті нақты шараларды жүзеге асыруды ұсыныс ретінде енгізген.

Мәкеннің ерлікке парапар қадамға баратын кейбір әрекеттері туралы достары мен әріптестері аңыз ретінде айта жүретін әңгімелер аз емес. Соның біріне тоқталайын. 1981 жылы мектеп бітірген Мұратбек ҚазМУ-дың журфагына оқуға түспек болып, абитуриент ретінде кезекті «СССР тарихы» пәнінен сынақ тапсырғанда қойылғалы тұрған «3-ке» риза болмай, қабылдау бөлімінің апелляциялық комиссиясына барған. «15-билетке толық жауап берсе де маған 3 қоймақ екен, мен 5-ке жауап бергеніме сенімдімін. Қаласаңыздар, қосымша 3 билет алып, 9 сұраққа дайындалмастан жауап беруге әзірмін» деген ғой. Сонда комиссия төрағасы, т.ғ.д., профессор (кейіннен академик) Уахит Шәлекенов аға орнынан тұрып, осыншама жылдар ҚазМУ-де қызмет істегенде біліміне өте сенімді мұндай абитуриентті көрмегенін, әріптестері қолдаса, автоматты түрде 5 қою туралы ұсынысы барын білдіреді. Сөйтіп, әділеттілік салтанат құрып, Мұратбек бұл сынақтан «бес» алады. Бұл — БІЛІМІНЕ СЕНІМДІЛІК, қайсарлық көрінісі ғой. Өміріндегі маңызды сынаққа дайындалған бала оқуға түсуге құштарлығы мығым болғаны сонша, тарих пәні бойынша әрбір айтулы датаны, белгілі оқиғаларды алдымен қалың дәптерге ретімен жазып, сосын жаттап алған ғой. Бұл енді екінің бірі бармайтын тәуекел екені дау туғызбаса керек.

Олуниверситетте де қоғамдық жұмысқа белсене атсалысты. Журналистика факультетінің комсомол комитетінің мүшесі, университет баспасөз қызметінің белсендісі ретінде едәуір рухани шараларға мұрындық болды. Оқу ордасында болып жатқан жаңалықтарды «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде удайы жариялатып отырды, қолынан қаламы түспеді. Білімін молайтуды ойлап, кезінде «Пушкин кітапханасы» атанып кеткен қазіргі Ұлттық кітапханаға, М.Әуезов мұражай үйіндегі рухани дәрістерге жиі барып тұрды. Кітап оқуға құштарлығы сонша, университетті бітіргенде сатып алған кітаптары он жашік болған ғой. Студенттік шақта спортпен айналысып, еркін күрестен Журналистика факультетінің намысын қорғады, бірнеше спорттық жарыста жеңімпаз болды. 2-ші курсты бітіргенде университет оқу оқтатқы қатарында Германияда Халықаралық интерлагерде демалу құрметіне ие болды, сол елдің тарихи 5 қаласын аралап, келісімен «ГЕТЕ ЕЛІНЕ САЯХАТ» атты жолсапар очерктері циклын газетте жариялады.

Мұратбек екі ұсыныс тастаған екі жақтағы ағаларына да шексіз алғысын айтып, солтүстікке тартып отырды.

Ол мұнда келгенде қайраткерлік, қаламгерлік қырлары жаңа сипаттарымен ашыла бастайды. Оның қабілетін байқап қалған облыстық комсомол комитетінің басшылары кезекті пленумда 22 жастағы жігері тасыған жігітті бюро мүшесі етіп сайлайды. Токтағазин тыныш жүре ме, партияның «сара саясатына» онша-пұнша аландамай, обком комсомолдың алқалы жиындарында қазақтың ұлттық құндылықтарын, қазақ тілін жастар арасында көбірек насихаттауға ұсыныстарын батыл енгізе бастайды. Әсіресе, «Наурыз» мерекесі шараларын ұйымдастыру кезінде бұл тарапта бірқатар нақты істердің атқарылуына мұрындық болады. Аудандық комсомол комитеттерін талантты қазақ қыз-жігіттерінің басқаруына атсалысады. Тіпті, облыстық «Коммунизм нұры» газеті редакторы Октябрь Әлібековтың қолдауымен екі айда бір рет газеттің тұтас бір номерін жастар мен комсомолдарға арнап «Жас өркен» қосымшасын шығарып отыру арқылы жанадан өсіп келе жатқан қазақтың жас кадрларын кеңінен насихаттап, облыс басшылығының назарын аудартады. Кейіннен олардың арасынан бірнешеуі өсіп шығып, аудандық комсомол комитеттерін, облыстық комсомол комитетінің жетекші бөлімдерін басқаруға дейін жоғарылады.

Мұратбек Балқыбекұлының қайраткерлік қыры ашылатын тұс — Халық

болатынын айтып, жұртты үрейлендіріп қойған. Дәл осы тұста Мұратбек демократияның алғашқы шуағы байқала бастаған Ресейдің Нижний Новгород қаласына аттанып кетеді. Ол жақтағы депутат әріптестері Горький қаласының тарихи атауын қайтарудағы нақты тәжірибелерін ортаға жайып салады. Бүкіл ақпаратты жинаған Мұратбек қайтып оралысымен қалалық Советтегі тиісті мамандарға тапсырма беріп, ақырында қаланың тарихи атауын қайтару шығыны 8 миллион емес, 800 мың сом болатынын техника-экономикалық негіздеме құжаты бойынша дәлелдеп береді.

Бірқатар шовинистік пиғылдағы депутаттарды райынан қайтару үшін өзі қызмет істейтін «Социалистік Қазақстан» газетінде «Ақмола атауы үшін айқас» атты мақала жариялап, оның түйінде тұсына мына жолдарды келтіреді: «Иә, сессияда Ақмола атауын қайтаруды осы қаланың тұрғындары ғана қалап отырмағандығы, бұл мұқым қазақтың тілегі екендігі жөніндегі ой-тұжырым бірнеше мәрте айтылды. Өкінішке қарай, қалада 80 пайыз болып табылатын басқа ұлт өкілдері, бұл

ешқандай сыйлықтың қажеті жоқ. Оданда 24 сағат ішінде Республикалық Ономастика комиссиясына және Жоғарғы Совет Президиумына қалаға және облысқа тарихи Ақмола атауын қайтару туралы Ұсыныс-хат жолданып, сонда бәрі дұрыс болады!», «Келістік!»

Осы тілдесуден кейін Мұратбек Балқыбекұлы келесі күні облыстық Совет канцеляриясына келсе, ол құрылымның басшысы «Біздің ұсыныс танертенгі самолетпен Алматыға жөнелтілді!» деп ресми құжаттар көшірмелерін көрсетеді. Арада бір ай өткенде қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков басқаратын Республикалық Ономастика комиссиясының өздеріне жергілікті билік тарапынан жеткен ресми құжат негізінде жоғары жіберген Қолдау-ұсынысының нәтижесінде Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының шешімімен Ақмола қаласы мен осы аттас облыстың тарихи атауы қалпына келтірілуі туралы ресми шешім баспасөзде жарияланады.

Мәкеннің ұлтшылдығын мынадан да байқауға болады. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының орта шенінде қаладағы жалғыз Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп бала санының аздығына байланысты жабылуы мүмкін деген әңгіме тарай бастайды. Сол кезде облыстық газетте жұмыс істейтін Алдан Смайылов, Жылқыбай Жағыпарұлы, Мағжан Садыханов, Марат Дәдікбаев және басқа журналистер үй-үйді аралап, бірінші класқа баратын балаларын осы жалғыз қазақ мектебіне беруді насихаттайды. Алыста тұрса да Жылқыбай Жағыпарұлы сияқты қаламгерлер намыс үшін балаларын осы мектепке әкеледі. Мектеп директоры Жанна Байсейітқызының өтініші бойынша бұл іске Мұратбек Токтағазин де бел шеше кірісіп, он шақты ұл-қыздардың қазақ мектебіне баруына мұрындық болады. Ол азай қаладағы №3 мектепте қазасынның ашылуына күш салады, келер жылы ол шаруа да шешіледі. Сол кезеңнің өлшеміне сәлсак, бұл едәуір ілгерілеушілік еді. Ал уақыт өте келе, бастамашы топ мүшелері Ақмоладағы Әнуарбек Ералы басқаратын «Тіл және мәдениет» қоғамының қолдауымен қаланың басқа да мектептерінде қазасынның ашылуына қол жеткізеді.

ҚазМУ-ды бітіріп, сол тұстағы Целиноградқа келгенде мұнда жергілікті тұрғындар бар болғаны 20 пайызға жетер-жетпес екендігіне көз жеткізеді. Редакция тапсырмасымен түрлі мекемелерге барғанда қырағандыққа қателік толы жазбалар жүрген ауырғады. Ол заманда қазіргідей дайын мобильді құрылғы жоқ, бірден түсіріп алуға. Содан редакциядағы жалғыз фотографқа өтініп жүріп, жанына ертіп алып, жиырма шақты ұйым, кәсіпорындарды аралап шығады. Көп ұзамай облыстық «Коммунизм нұры» газетінде «Мандайшадағы «қойырпақтар» деген жарты беттік сын мақала жарияланып, онда мекеме маңдайшаларындағы қазақша атауларды қаптаған қателер жіпке тізгендей «сап тусейді». Бұл жайттан хабардар болған бірқатар ірі бастықтар редакция басшыларына хабарласып, «тыныштығын бұзған» жас тілшігерінің бірін білдіреді, бірақтары қызметкерлерін жіберіп, дұрыс аударма жасап беруді қиыла сұрайды, ақысын төлеуге әзірліктерін білдіреді. Кейіннен бұл қалалық партия комитетінде қаралып, қаланың барлық мекемелеріне «мекеме атауын сауатты аудармамен қамтамасыз ету» туралы нақты тапсырма берумен аяқталады.

Ұлт мүддесін қорғауға байланысты тағы бір материалдың жазылуы Мәкен «Социалистік Қазақстан» меншікті тілшісі қызметіне тағайындалғанда болыпты. Алексеев ауданынан жазылған арзды редакция облыстағы меншікті тілшісіне тексеруге жібереді ғой. Қолына түскен хатты оқып отыра, аталған аудандағы бір совхоздың директоры С.

Садовский деген өзін жарты патша сезініп, жергілікті тұрғындарды сыйлау түгілі маңына жолатпайтын көрінеді. Бас маман түгілі кеңсесінің еден сыпырушысына дейін тек басқа ұлт өкілінің жұмысқа алатын көрінеді. Қазақтарға қырын қарайтын басшы туралы Мұратбек «СК»-ның бетінде «Садовский қашаңғы сайран-ламақ?» атты көлемді сыни мақала жариялап, жергілікті тұрғындарға мұрнын шүйірген «дөкейдің» шын бейнесін ашады. Арада көп уақыт өтпей алдымен аудандық, сосын облыстық партия комитеті бюросында мәселесі қаралған С. Садовский қызметінен алынады. Бұл бір жағы сол шақтағы газет сынына кадрлық номенклатураның бейжай қарамайтындығының, басылған беделіне мән бергендігінің көрінісі деуге болады.

Мәкеннің қайраткерлік қыры, қоғам мүддесіне қызмет етуі 2012 жылы Бас редакторлар клубына вице-президент болып сайланғаннан бастап жаңа қырынан ашыла бастайды. Ол кезде республикалық «Әділет» газетінің редакторлар кеңесінің төрағасы, көп уақыт өтпей Бас редакторы болған облыстық бетінде жемқорлар мен әділетсіз басшылар туралы мақалаларды дүркін-дүркін жариялатып жатты. Ал қоғамдық ұйым болып табылатын клуб жұмысына білек сыбана кірісті. 2007 жылы құрылып, бүгінде құрамына Қазақстанның 300-ден астам бұқаралық ақпарат құралдарының Бас редакторлары мен жетекшілері кіретін ерікті қоғамдық бірлестіктің елде шығармашылық атмосфера қалыптастыруға байланысты атқарып жатқан шаруалары шаш-естектен. Осы орайда бұқаралық ақпарат құралдары арасында тиімді бәсекелестікті қалыптастыруға байланысты өткізген шаралар кешені ауқымды. MEDIA EXPO көрме, журналистика проблемалары бойынша семинар, вебинар, шеберлік мектебін өткізу жолға қойылды. Ақпараттық кеңістіктің өзекті мәселелері бойынша Мұратбек Балқыбекұлының тікелей ұйымдастыруымен 5 республикалық, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар өткізіліп, оған отандық қана емес шетелдік мамандар, эксперттер қатысуы нәтижесінде екіжақты тиімді шарттарға, меморандумдарға қол қойылды. Бас редакторлар клубының мәтін әзірлеуімен, Қазақстан Журналистер одағының қолдауымен 2012 жылы «Қазақстан Республикасы журналистінің Этикалық кодексі» дүниеге келді. Бұл маңызды құжаттың әзірленуіне Мәкен тікелей атсалысты. Бұл тарапта ұзақ айта беруге болады.

Енді Мұратбек Балқыбекұлының ғылымдағы соқпағына қысқаша тоқтала кетейін. Кезінде аспирантураға қалуға шақырған Тауман Амандосов ұстазының ниетін Мұратбек 2010 жылы жүзеге асырды. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аспирантурасын бітіріп, әйгілі жазушы Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығынан кандидаттық диссертация қорғады. Ғылымдағы қаламдары да жемісті болып, 80-нен астам зерттеу еңбектері жарық көрді. Scopus, Web of Science библиографиялық, реферативті базаларында 5 ғылыми мақаласы жарық көрсе, Қазақстан, Беларусь, Ресей елдерінің ВАК, ККСОН журналдарында 25 мақаласы жарияланды. 2 монография, 2 оқу құралы, оның құрастыруымен, редакторлығымен 10 ғылыми жинақ баспадан шықты. Бүгінде халықаралық ғылыми базаларда мақалаларына көп сілтеме жасалатын, Хируа индексі өте жоғары ғалымдар санатында болуы да Мәкеннің еңбекқорлығының, ізденгіштігінің жемісі деп білеміз.

Бүгінде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультетіндегі Баспасөз және баспа ісі кафедрасының профессоры ретінде шәкірттерін ғылымға баулап жүр. Бір докторантты қорғатса, екеуі дайындалып жүр. 20 магистрант, 30-дан астам бакалавры зерттеу еңбектерін сәтті қорғап, масс-медиа саласында жемісті еңбек етуде. Мұратбек Балқыбекұлы практикалық журналистикадан да қол үзген емес. Қазір республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық «Әділет. Рухани жанғыру» газетінің Бас редакторы ретінде масс-медиа нысанына дауына үлес қосып, сараптамалық, танымдық, ғылыми мақалаларын баспасөз бетінде жиі жариялап тұрады.

Мұратбек Токтағазиннің журналистика, ғылым саласындағы еңбегі әр кезеңде тиісті бағасын алып отырды. 2000 жылы «Қазақстан Республикасы астанасының үздік журналисі» конкурсының, 2012 жылы республикалық «Асыл сөз құдіреті» конкурсының лауреаты, Қазақстан Журналистер одағы Дипломының иегері (2014) атанды. Қазақстан Республикасының «Мәдениет саласының үздігі», «Ақпарат саласының үздігі», «Қазақстан республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Ғылыми мен білім саласының еңбек сіңірген қызметкері», Л.Гумилев, Ә.Нұршайықов төсбелгілерімен марапатталған. Халықаралық Ақпараттық академиясының, Еуразиялық Телевизи және радио академиясының, Қазақстанның Гуманитарлық ғылымдар академиясының толық мүшесі (академик), Ресей Жаратылыстану академиясының корреспондент-мүшесі. Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің (РУМС) мүшесі, ЕРҰ-дың Хабаршының (Журналистика сериясы) журналының редакциялық алқа мүшесі, рецензенті, масс-медиа зерттеушілерінің Ұлттық қауымдастығының (НАММИ) мүшесі.

Мұратбек Балқыбекұлы журналистика мен ғылымдағы еңбектерін қатар жүргізіп, қоғамдық жұмыстарды да қалыс қалдырмай келесекке бет алып барады. Шығармашылық жоспарлары көп. Жақын айларда, жылдарда ол туралы да жаза жатармыз. Алпыстың асуына көтерілген әріптесімізге сәттілік берсін бағалай!

Кәрімбек ҚҰРМАНӨЛИЕВ,  
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі





# ҒАСЫР ЖАСЫНА ЖАҚЫНДАҒАН ТЕАТР

Ұлт рухының жаршысы әрі адам жанына рухани азық болар театр өнері жыл өткен сайын шетелдік шығармаларды қазақ тіліне тәржімалап, театр сүйер қауымның әлем әдебиетін ана тілінде тануына мүмкіндік берді. Бүгінде еліміздің әр аймағында өнердің төресі саналатын театр ордалары көп деуге келмейді. Дегенмен санының аздығына қарамастан театр қойылымдарының репертуары жаңа шығармалармен толықса, ал сол туындыны тамашалауға асығын тұрақты көрермен саны да ұлғайды. Әсіресе, мәдени орындарға бай Алматы қаласында орналасқан театрларға қала тұрғындарынан өзге алыс-жақын аймақтан, тіпті шет мемлекеттерден арнайы ат басын бұратындар аз емес. Шаһардың мәдени дамуына ықпал еткен театр ордаларының бірі кезінде «өктемтеатр» атанып кеткен Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры екені даусыз.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Шымдылығын 1926 жылы 13 қаңтарда Қызылорда қаласында ашқан театр ғимараты таяуда ғана екі жылдық күрделі жөндеуге жабылды. Театр ұжымы Абай даңғылының бойында орын тепкен қазіргі ғимаратқа 1982 жылы көшіп келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай өткен салтанатты жиында театр ғимаратының күрделі жөндеуден өтетінін атап өткен еді. Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының шығармашылық қызмет басшысы Елік Нұрсұлтан театрын күрделі жөндеуге жабылуының маңызды себебі бар екенін негізге алды. Оның сөзінше, театр ұжымы өзінің 100 жылдық мерейтойын күрделі жөндеуден өткен жаңа ғимаратта қарсы алуы жоспарланған. Қара шаңырақ 2026 жылы ғасыр жасты бағындырады.

— Біз бүгін театрымыздың 98 маусымын ресми түрде қорытындыладық. Екі жылдан кейін қазақ театры өзінің ғасыр тойын тойлайды. Негізінен, театр тарихы 1926 жылы емес, одан әрірек басталған. Себебі Қазақстанда театр элементтерінің пайда болғанына біршама уақыт өтті. Қарап отырсақ, қазақ театрының тарихы бір ғасырдан асты. Театр басшысы екі жылдан кейін өктемтеатрдың төресі жоқ мәдени орынға айналғанын айтып отыр, — дейді Е. Нұрсұлтан.

Күрделі жөндеу барысында сахнаның жарық-дыбыстық қондырғылары, акустикасы, режиссиз сактайтын қоймалар мен арнайы сехтар толыққанды жаңартылды. Дегенмен өктемтеатр екі жыл уақыт ішінде қарап отырмай, бірнеше іссапарды жоспарға енгізіп қойған. Қазірдің өзінде театр басшылығы қалалық театрлармен келісімшарт орнатып, көрерменмен байланысын үзген емес.

— Күрделі жөндеуге жабылғанмызға бір ай өтті. Соңғы бір айдың ішінде Алматы қаласында орналасқан театрларда, соның ішінде Алматы театры, «Жас сахна» театры, Қуыршақ театры, Ұйғыр театры, Корей театрында қойылымдарымызды сахналадық. Театрды күрделі жөндеуге жапқан уақыттан бері шамамен 15-16 қойылымды қойдық. Ғимараты жоқ ұжым үшін бұл өте жақсы көрсеткіш деп ойлаймын. Келесі маусымда негізінен іссапарлар ұйымдастыру жоспарланған. Алматы



қаласынан өзге шет аймақта орналасқан аудандарға, сондай-ақ республика деңгейінде Костанай, Ақтөбе қалаларына және көршілес Өзбекстан мен Қырғызстанда қойылымдарымызды сахналауды жоспарлап отырмыз. «Бір жылға қоян терісі де шайдайды» демекші, екі жыл көзді ашып-жұмғанша өте шығады. Театр директорының сөзінше, келесі жылы 100 жылдық мерейтой қарсаңында дайындық жұмыстарын бастаймыз. Екі жыл бойы күрделі жөндеуден өткен ғимарат шымылдығы қойылыммен ашыла ма, әлде театрландырылған кеш өте ме, әзірге белгісіз, — деп сөзін түйіндеді театрдың шығармашылық қызмет басшысы Е. Нұрсұлтан.

Биыл қара шаңырақта болған ерекше жаңалықтардың бірі де бірегейі — әдебиетіміздегі шоктығы биік туынды «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» қойылымының араға жылдар салып көрермен назарына жол тартуы еді. Түркі жұртына ортақ қазына болып саналатын шығарма осыдан 80 жылдан аса уақыт бұрын, яғни 1940 жылдың 29 сәуірінде Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында қойылды. Сол уақыттан бері әр режиссер аталған шығарманы әртүрлі трактовкада сахналап келді. Осы ретте театр сахнасына қайта оралған қойылымның ерекше тұсы — ұлттық театр мен ұлттық өнімнің ерекше коллаборациясы екенін атап өткен жөн. Кезінде Еуропаны аралап, ел арасында үздік қойылым ретінде танылып үлгерген жауһар туынды заманға сай қайта жаңғырды.

Театр жанашыры Айсұлу Жәнібекқызы да тарихи туындының жарыққа шығу сәтін жіберіп алмауға тырысқан. Айсұлу биыл үш мектептің 100-ге жуық оқушысын «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» қойылымының премьерасына алып барғанын, бұл театрға деген кимастық пен ерекше сезім екенін айтады.

— Әрине, өктемтеатрдың қойылымдарын өзге театрлардан емес, қара шаңырақ сахнасынан тамашалағанға не жетсін?! Әуезов театрының өзіндік қайталанбас эстетикалық әлемі бар. Тіпті, мен театрдың екі жылға жөндеуге жабылатынын естіген соң бір қойылымға қайта-қайта баратын «ауруға» шалдықтым. Өзім ғана емес, өз-

гелерге де «театрға барыңыздар, екі жылға күрделі жөндеуге жабылмай тұрған уақытта қойылымды театрдың өз сахнасынан тамашалап үлгеріңіздер» деп достарымды да шақыратынмын, — дейді ол.

Айсұлу Жәнібекқызы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры қойылымдарын шаһардағы өзге театрларда сахналуы тиімді тұстары да бар екенін алға тартты:

— Театр ұжымы өзге театрлардың сахнасында жұмыс істеп, жанаша техникалық мүмкіндіктерді пайдаланып қалу керек деп ойлаймын. Сан алуан театрлармен байланыс орнатып, бірлесу жұмыс істеу — Әуезов театры үшін үлкен жетістік. Екіншіден, бұл көрерменмен байланысты одан әрмен нығайтуға ықпал етеді. Қаланың бір бөлігінен екінші бөлігіне режиссуралар тасу оңай шаруа емес. Дегенмен театрды шың сағынған көрермен ғимарат қайда ауысса да барады. Енді күрделі жөндеуден кейін театр тарихи дінгегін жоғалтып алмай, шамадан тыс өзгеріске ұшырамай, ең бастысы, негізгі сұлбасын жоймаса екен деймін. Өйткені қара шаңырақ Әуезов театры біз үшін сол күйінде ыстық, — деп сөзін қорытындылады А. Жәнібекқызы.

Ғасырға жуық тарихы бар өнер ордасы әр кезеңдері көрермен сұранысына сай астары мазмұн мен мағынаға бай туындыларды өмірге әкелді. Өміршең өнерді жарыққа шығаруға атсалысқан С. Қожамқұлов, Ж. Шанин, К. Қуанышбаев сынды театр санлақтары еді. Өктемтеатр сахнасында тұңғыш рет жарыққа шыққан қойылымдары М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» шығармасы мен К. Кеменгерұлының «Алтын сақина» пьесасынан бастау алса, қазір театр тынысы жана өмірге бейімделіп, замана сұранысына сай қазақстандық және әлемдік авторлардың шығармаларын жиі сахналауға көшкен.

Бір ғасырға жуық уақыт аралығында театр ұжымы көптің көкейіне ой салатын, күлдіріп тұрып жылдатын талай тың әрі мазмұнды қойылымдарды жарыққа шығарды. Көрерменнің рухани тұрғыда жетілуіне, еліміздің мәдени салада өз орнын қалыптастыруына әсер етті.

Алматы қаласы



# ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖОҒАЛТЫП АЛМАЙЫҚ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы облысы бойынша әдеп жөніндегі кеңесінің кезекті отырысында бірқатар өзекті мәселе қаралды. Солардың ішінде Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарының лауазымды тұлғаларына қатысты тәртіптік істер талқыланғанын айта кеткен жөн. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Арсен Жақыповтың жетекшілігімен өткен отырыста мемлекет атынан қызмет ететіндердің жауапкершілігі әрдайым жоғары болуы керегі айтылып, өкінішке қарай, жалпыға ортақ жауапкершіліктің салмағын азайтып алатын, өздерінің басты міндеті — мемлекет мүддесі, ел игілігі жолында еңбек ету екенін естен шығарып алатындардың арамдызда кездесетіні тілге тиек болды.



Болат АБАҒАН

Бірінші болып қаралған Талғар ауданы әкімінің орынбасары Оразхан Қаспақбаевтың тәртіптік ісі бойынша әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының бас маманы Әмір Имангелдінов баяндама жасап, мәселенің егжей-тегжей зерттелгені айтылды. Мемлекеттік қызметкерлердің құқықбұзушылықтары туралы жарияланған сын мақалаларға және басқа да ақпараттық материалдарға мониторинг жүргізу барысында әлеуметтік желілерде Талғар ауданы әкімінің орынбасары Оразхан Әмірханұлы тарапынан қызметтік міндеттерін атқару кезінде әдеп нормалары бұзылғаны байқалған. Мониторинг барысында анықталған жағдайлар туралы хабарламаны мұқият тыңдап, талқыға салған әдеп кеңесінің мүшелері Оразхан Қаспақбаевқа қатысты тәртіптік істі қарау қорытынды бойынша 4-дәпке кодексінің 6-тармағының 45-тармақшаларын бұзған аудан әкімінің орынбасарына қатысты сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолдануды ұсынды.

Еңбекшіқазақ ауданы Масак ауылдық округінің әкімі Руслан Жақабайға байланысты тәртіптік істі қарау барысында белгілі болғандай, Руслан Рыскелдіұлына қатысты жеке

және заңды тұлғаларға құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға ашық кедергі жасау түріндегі мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық белгілері анықталмапты. Осылай орай тәртіптік істі тоқтату туралы шешім шығарылды.

Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің орынбасары Ертай Нұрмаханов мемлекеттік қызмет және сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзушылықтың алдын алу бойынша баяндама жасап, аудан әкімдігі жүргізген сыйбалас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерімен таныстырды. Одан кейін сөйлеген Еңбекшіқазақ ауданы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Мақат Мемелбеков атқарылған жұмыстар жайлы баяндады.

Кеңес отырысын қорытындылаған департамент басшысы, әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Арсен Жақыпов мемлекеттік қызметкерлерге қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында анықталған жағымсыз материалдарға жүргізілген талдау нәтижелерін қарап, алдағы уақытта мұндай оқиықтарға жол бермеу қажеттігін ескертті. Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерінің ел алдындағы жауапкершілікті барынша сезініп, жұртшылықпен түсіністікте жұмыс істеуі қажет екенін еске салды.

Алматы облысы

## Ашық тендердің нәтижелері туралы және қайта ашық тендер амалымен «Медициналық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алуы өткізу туралы хабарландыру

«Медициналық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алуын ашық тендер өткізілмеді деп таниды. Жоғарыда баяндалғанға байланысты, «Медициналық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу ашық тендердің қайтадан өткізілетіндігі туралы жарияланады.

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. (Лот саны — 12; 2024-ші жылға жалпы сомасы 193 266 000,00 тенге, КҚС-сыз; 2025-ші жылға жалпы сомасы 403 925 940,00 тенге, КҚС-сыз).

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкіліне сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 04 шілдеде, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 04 шілдеде, сағ. 11:30-да мына мекенжай-да ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

## Объявление о результатах открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Медицинское обслуживание»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке услуг «Медицинское обслуживание» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, объявляется проведение повторного открытого тендера по закупке услуг «Медицинское обслуживание».

Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. (Количество лотов — 12; общая сумма на 2024 год — 193 266 000,00 тенге без учета НДС; общая сумма на 2025 год — 403 925 940,00 тенге без учета НДС).

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 04 июля 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 04 июля 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

## «Автокөлік құралдарын кешенді химиялық тазалау және автожуу» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Автокөлік құралдарын кешенді химиялық тазалау және автожуу» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілетіндігі туралы жариялайды (Лот саны — 4, жалпы сомасы 48 775 200,00 тенге, КҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтерін тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкіліне сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 04 шілдеде, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 04 шілдеде, сағ. 11:00-де мына мекенжай-да ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы. Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

## Объявление о проведении закупки услуги «Комплексная автомойка и химчистка транспортных средств» способом повторного открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке услуги «Комплексная автомойка и химчистка транспортных средств» (Количество лотов — 4, на общую сумму 48 775 200,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 04 июля 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 04 июля 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.





Бір аптаның ішінде рекорд орнатқан «Ойжұмбақ 2» эмоция кейіпкерлері арқылы көрерменге ой тастаған үздік дубляж жұмысының бірі болды. Фильмнің әр сеансында зал көрерменге лық толы болғаны қуанарлық жайт. Өйткені бұл – қазақша дубляждың сұранысы жоғары екенінің дәлелі. Көрермен көңілінен шыққан жұмыстың негізгі өзегі біз біле бермейтін құпияға толы. «Ойжұмбақ 2-ні» қазақша сөйлеткен дубляж режиссері Шах-Мұрат Ордабаевпен әңгімелесіп, аталған фильмді дыбыстау кезіндегі шығармашылық топтың ізденістерінен хабардар болдық. Сонымен қатар дубляж режиссері қазақ дубляжының бүгінгі ахуалына тоқталды.

Шах-Мұрат ОРДАБАЕВ, дубляж режиссері:

# Аударма КӨРЕРМЕН ТАЛҒАМЫНА



шылығы, статистикалық көрсеткіштері бар шығар. Бірақ менің ойымша, біз тек отбасылық фильмдермен шектелмей, кез келген жастағы көрерменге кез келген жанрдағы фильмдерді ұсынуымыз және соған жан-жақты дайын болуымыз керек. Өйткені дубляждың барлығы ертегі немесе әндер ғана емес қой, әртүрлі фильмдер бар. Мысалы, маған қазір мүмкіндік берілсе, «Опенгеймерді» қазақша дыбыстау едім. Өйткені бұл – үлкен ой салатын, біздің елімізге жат емес сурқия қаруды ойлап тапқан адамның биографиялық фильмі. Мұндай мағыналық маңызы зор фильмдерді қазақ тіліне дыбыстау керек-ақ, бұл мен үшін ерекше қызық болар еді және көрермен оны тамашалауы керек.

– Disney-дің туындылары қазақша сөйлеп, экранға шыққаннан кейін қазақ тілді мультфильмдердің көрермені көп екенін байқадық. Бірақ неге аудармалар ғана кинотеатр экранына шығып жатыр? Отандық анимациялардың орны кинотеатрды былай қойғанда телеэкраннан аспайтын сияқты. Сіздің пікіріңіз қандай?

– Disney – алпауыт компания. Ол – әлдеқашан көрермені тапқан, киносы ғана емес, мультфильм, телесериалдары, медианың әртүрлі саласында орнын тапқан кангломерат компания. Онымен, әрине, біздің анимацияның жарысуы қиындау. Десе де, жок емес, бар. Отандық анимацияларға шынайы қолдау керек деп есептеймін. Тек қана мемлекет тарапынан, Ұлттық киноны қолдау орталығы ғана емес, жеке кәсіпкерлердің де шын қолдауы керек сияқты. Өйткені анимация өнері кино өнеріне қарағанда әлдеқайда күрделірек. Қазір Қазақстанда үлкен кино түсіретін мықты продюсер, режиссерлер бар. Әрқайсысының продюсер, компаниялары бар. Олар жан-жақты дайын болып тұрса, бір айдың ішінде бір фильмді түсірілімін аяқтап шығуы мүмкін. Тіпті, екі апта түсірілген фильмнің де күесі болдым. Ал дәл осындай жылдамдықпен анимация жасау мүмкін емес. Сондықтан осы арқылы анимацияның шын күрделі өнер екенін байқауымызға болады. Анимацияда танымал әртісті шақыра сап, соның жүзін қолдану сияқты әдістер жүрмейді. Анимацияның заңдылықтары көп. Бір толықметражды фильм бірнеше жыл бойы жасалуы мүмкін. Сондықтан мұндай күрделі процестерге қаражат керек екені анық. Мамандарға да көмек көрсету, техникалық жабықтарды түгендеу – әжептәуір ауқымды күрделі процестердің бірі. Бұл жерде мен балалар телеарнасының тапсырмасы бойынша шығып жатқан анимацияны айтып отырғаным жок, дербес студияларды айтып отырмын. Мемлекеттік емес студияның жұмыстары және олардың деңгейі қазір қуантады. Тек сол өттеген-ай қаржыландыру жағы жақсарса екен ниет-тілегім бар.

– Кейбір көрерменнің аудармаға қатысты сыни пікірлерін естіп жатырмыз. Сының болғаны да дұрыс қой. Сіздер қалай қабылдадыңыздар? – Ия, сын айтылды. Сын айтылғаны дұрыс әрі орынды. Бұл туралы жазылған мақалаларды, пікірлерді оқығанда қуандым. Неге? Өйткені көрерменге бәрібір емес, көрермен осының жақсы болғанын қалайды, сол үшін өз пікірін білдіріп жатты. Олардың барлығы бірдей емес, әрине. Десе де, орынды айтылған пікірлер жетерлік. Әсіресе, аудармаға келгенде көп сыни көзқарас болғанын байқадық, аударма мамандары бізге жазды. Сол жазылған ақпараттарды сілтемесімен біздің аудармашыларымызға да жібердім. Олар ақылдасып, керетін қабылдап, керек емесін

қабылдамады. Сын деген бір жақсы құрал ғой. Соның арқасында көп нәрсе түзеледі. Мінсіз, керемет жасалған дүние болмайды. Қашанда қателіктер болады. Бір жері дұрыс болса, кей жерінен қателіктер орын алуы мүмкін. Осындай сын арқылы жөнделеміз.

– «Ойжұмбақтың» бірінші бөліміндегі кей кейіпкерлер қайталады ғой: Райли, Қуаныш, Ашу, Қорқыныш, Мұң және Жиркеніш. Екінші бөлімде осы кейіпкерлерге бірінші маусымда дыбыстағандар дауыс берді ме?

– Жок, бірінші бөлімін Қазақстан ұлттық арнасы жасаған. Ол астаналық жоба болды. Яғни, ұлттық арна тек астаналық әртістерді шақырды, солар дыбыстады. Ал екінші бөліміне келгенде түгел кейіпкерлердің дауысын қайта таңдау бұйрығы келді. Сондықтан біз әртістерді жанадан, басынан таңдадық.

– «Ойжұмбақ 2» прокатқа екі тілде қатар шықты, орыс және қазақ тілінде. Бір байқағанымыз, орыс тіліндегі сеанстар қазақ тіліне қарағанда күніне екі есе көп қойылды. Дегенмен қазақша дубляждалған фильм рекорд орнатты. Осыған қарап қазақ дубляжының жағдайын, көрермен сұранысын қалай таразылауға болады?

– Көрермен қызығушылығы жоғары. Осы тұста мынаны айта кетейін, қазақша дыбыстаумен айналысқан шығармашылық топ, яғни біз тек дыбыстаумен айналысамыз. Кинотеатрларға тарату – «Меломан» компаниясының қолында. Фильм қазақ тіліне «Дисней» компаниясымен қаржыландырып дыбысталды. Ал «Меломан» компаниясы оны кинотеатрларға тек ұсынады. Жақында Көкшетауда болдым. Жалғыз кинотеатр бар екен. Сол жерде бірде бір қазақша сеанс жоқ. Ал көрермен сұрап келсе, тек орысшасын көрсетуге бел буған.

## Еңбек пен тазалық – егіз ұғым



Астанада Жастар саясаты мәселелері басқармасының және Алматы ауданы әкімдігінің қолдауымен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында «Сәтті сәрсенбі» экологиялық акциясы өтті. Іс-шараға «Республикалық студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы» қоғамдық қоры және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары мүшелері қатысты. Олар Алматы ауданындағы «Қар полигоны» аумағын күл-қоқыстан тазартып, айналасын абаттандыруға атсалысты.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

«Республикалық студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы» қоғамдық қорының жетекшісі Марат Мұхамеджановтың айтуынша, тазалық акциясына «Жасыл ел» жасақтарының 110-нан астам жастары қатысты.

– Қар полигоны аумағында 200-ге жуық қапшық қоқыс жиналды. Алдағы уақытта да осындай санитарлық тазалық жұмыстарын жалғастыратын боламыз. «Жасыл ел» бағдарламасын іске асыру – мемлекеттік жастар саясатының негізгі басым бағыттарының бірі. Ол жастардың күшімен елімізді көгалдандыру, абаттандыру арқылы студент жастарды еңбекпен қамтамасыз ету, жастар арасында экологиялық тәрбиені насихаттау және достық қарым-қатынасты нығайту, жастардың табиғатқа қамқорлықпен қарап, өзінің жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылып келеді. Біз қоғамда экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыруымыз керек. Оны әркім өзінен бастағаны жөн, – деді Марат Мұхамеджанов.

Ал Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бас маманы Ерлан Айдардың айтуынша, акция аясында «Таза дүйсенбі», «Сәтті сәрсенбі» атты экологиялық тазалық жұмыстары тұрақты өткізілетін болады. Бұған дейін де жоба аясында қала маңындағы көптеген аумақтарда тазалық жұмыстары жүргізілген. Акция әлі де жалғасады. Әр апта сайын жастар Еңбек коллексіне сәйкес 4 сағаттан аспайтын уақыт аралығында жұмыс істеп, қала аумағын, мектеп маңын, қаладағы гүлзарлар мен өзен-көлдер, су арналарының айналасын тазалаумен айналысады.

– «Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты экология акциясы аясында өткен іс-шарада жастар қоқыс тазалаумен қатар қала аумағын таза ұстау жұмыстарын жүргізді. Іс-шараның мақсаты – қоршаған ортаны өздері тұрып жатқан қаланы, айналасын таза ұстауға үйрету, жастар арасында экологиялық мәдениет қалыптастыру. Быыл «Жасыл ел» жобасының 20 жылдығын атап өтіп жатырмыз. Жоба аясында 14 пен 35 жас арасындағы жастарымызды, яғни мемлекет тарапынан аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға қолдау ретінде оқушылар мен студенттерді жұмысқа қабылдаймыз. Бір жас бір рет қатысуға мүмкіндігі бар. Олар жалақы алады, – деді Астанадағы Жастар саясаты мәселелері басқармасының бас маманы Ерлан Айдар.

Атап айтар болсақ, «Жасыл ел» еңбек жасақтары бойынша биыл 4 200-ден астам жас азаматтарды жұмыспен қамтамасыз ету үзделген-ді.

– Қазақта «Еңбектің наны тәтті» деген тәмсіл бар. Сондықтан жастарымыз өз еңбектерінің арқасында жазғы еңбек маусымында жұмыс істеп, өздеріне аз да болса материалдық жәрдем жасауына болады. 2005 жылы құрылған қобашы ұйымының мақсаты – белсенді жастарды біріктіріп, өскелең ұрпақты еңбекке баулуға, тәртіпке үйретуге, патриотизмді қалыптастыруға үлес қосу.

Сондықтан «Жалқаудың жаны тәтті» деп жатып алмай еңбек етіп, еліміздің экологиясының таза болуына, қаланың, қала маңы аумақтарының көркеюіне үлес қосып жатқаны үшін алғысымызды айтамыз, – деді Ерлан Айдар.

ГАЗЕТІМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ 2 ШІЛДЕДЕ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының академигі, философия ғылымының докторы, профессор, Ұлы Отан соғысының ардагері

Досмұхамед ҚШПБЕКОВТИҢ қайтыс болуына байланысты, марқұмның жанұясы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Қазақстанның философия ғылымында дамытуда артына өшпес мұра қалдырған айтулы ғалымның жарқын болмысы жүрегімізде мәңгі сақталады.

Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Қоғамдық пәндер кафедрасының ұжымы

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттеді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тел: 812252 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114, Астана қ., «Медиа-Холдинг «ERNUR» ЖШС Сметі көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ Мұқанов көшесі, 223 В Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС, Әлмұқанов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.

Logo for NUR MEDIA and AIQYN. Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС. Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ. Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары. Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор. Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі.

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102. Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102. Жеке жазылушылар үшін – 65102. ЖАРНАМА БОЛІМЕ: 8(7101) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklama.aiqyn@gmail.com. ЖАЗЫЛУ ЖҮНЕ ТАРАТУ БОЛІМЕ: 8(7101) 884-41-32, 8(7172) 72-95-31 post@aiqyn.kz@gmail.com. Газет аптасына 3 рет шығады.